

*Өрге жүзген өнегелі ісімен,*
*Таңда адал дос өз теңінің ішінен.*
**Әл-Фараби.**



*Еңбек - қуаныш,*
*жалқаулық - арылмас азап.*
**Абай.**


# Еңбекшіқазақ

www.mezet.kz e-mail•enkaz@mail.ru

Еңбекшіқазақ аудандық қоғамдық-саяси апталық•Енбекшиказахский районный общественно-политический еженедельник

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 10 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ №14,15 (6952,53) 10.04.2020.


# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдемесі

### *Құрметті отандастар!*

Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған күрделі жағдаймен бетпе-бет келіп отыр.

Коронавирус індеті дүниежүзін жайлап барады.

Бүгінде 177 мемлекетте 800 мыңға жуық адам осы дертке шалдықты.

Оны жұқтырғандар саны күннен-күнге артуда.

Біз төтенше жағдай жариялап, Қазақстанда вирустың жаппай таралуына жол бермедік.

Соның арқасында ахуалды бақылауда ұстап отырмыз.

Халқы Қазақстанмен шамалас кейбір елдерде коронавирусқа шалдыққандар ондаған есе көп.

Мен елорда мен Алматыда ғана емес, еліміздің барлық өңірінде карантинді күшейтуді тапсырдым.

Барша қазақстандықтарға сабыр сақтап, түсіністік танытқаны үшін алғысымды айтамын.

Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз.

Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек.

Бұл – аса маңызды.

Коронавирус – батпандап кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт.

Дегенмен, біз індетке шалдыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсетеміз.

Бүгінде бүкіл еліміз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәнті болуда.

Олар – адам өміріне араша түсіп жатқан бүгінгі күннің батырлары.

Сондықтан, пандемияға қарсы күрестің алдыңғы легінде жүргендерге қосымша қолдау көрсету жөнінде шешім қабылдадым.

Дәрігерлерге және медицина қызметкерлеріне 3 ай бойы қосымша үстемеақы төленеді.

Медицина қызметкерлерінің өмірін сақтандыру мәселесі де шешімін тапты.

Әрине, ақ халатты абзал жандар бұдан да зор қолдауға лайық.



Төтенше жағдай режимінің қашанда экономикалық және әлеуметтік салдары болады.

Біз үшін азаматтардың денсаулығымен қатар олардың өз табысынан айырылмауы да маңызды.

Мен бұған дейін Дағдарысқа қарсы алғашқы шаралар топтамасын жарияладым.

Жағдайдың ушыға түскенін ескеріп, азаматтарға және бизнеске одан әрі қолдау көрсету жөнінде мынадай қосымша шешімдер қабылдадым.

Инфляцияның артуына байланысты зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін 10 пайызға индексациялауды тапсырдым.

Осыған орай, аталған санаттағы азаматтардың табысын арттыру үшін мемлекет тарапынан 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді.

Табысынан айырылған азаматтарға ең төменгі жалақы мөлшерінде қолдау көрсеттік.

Енді, 42500 теңге көлеміндегі осы көмекті алатын азаматтардың санатын кеңейтуді тапсырамын.

Соған орай, бұл қолдауға өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен ресми тіркелмей жұмыс істейтіндер де ие болады.

Бұл көмек белгіленген тәртіп бойынша шын мәнінде мұқтаж адамдарға ғана беріледі.

Жалпы, 3 миллионға жуық азаматымызға қолдау көрсетіледі.

Сонымен қатар, тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлікті тегін алатын азаматтардың қатары көбейеді.

Атап айтқанда, мұндай көмекті мүгедектер және жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар да иеленеді.

Тегін азық-түлік сегіз жүз мыңнан астам адамға беріледі.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша сақтандырылмаған азаматтардың медициналық көмек алу құқығын 1 сәуірден 1 шілдеге дейін ұзартуды тапсырамын.

Соған байланысты медициналық көмек азаматтарға бұрынғыдай қолжетімді болыпқала береді.

Біз шағын және орта бизнеске қолдау көрсету үшін бұрын-соңды болмаған шараларды қолға алып отырмыз.

Кәсіпкерлерге көмек көрсетуіміз керек.

Өйткені, олар – экономикамыздың тірегі.

Әкімдіктер жергілікті кәсіпорындардың өнімін кем дегенде 6 ай бойы кепілді сатып алу тәртібін жолға қоюы керек.

Шағын және орта бизнес өкілдерін биылғы 1 қазанға дейін еңбекақы төлеу қорынан ұсталатын салықтан босатуды тапсырамын.

Мұндай қолдау сауда, көлік қызметі, қонақ үй, туризм және басқа да салаларды қамтиды.

Ауылшаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге де қолдау көрсетіледі.

Атап айтқанда, бюджеттен 70 миллиард теңге бөлінеді.

Көктемгі егіс науқаны үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы қосымша 100 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Ең алдымен, шағын және орта шаруақожалықтарына қолдау көрсеткен жөн.

Сонымен қатар, Үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын он бес пайызға арзандатып, 165 теңгеге дейін төмендету міндеті жүктелді.

Осыны қамтамасыз ету үшін 390 мың тонна жанармай жеңілдікпен сатылатын болады.

Жалпы, осы айтылған шаралар қазіргідей күрделі кезеңде азаматтар мен отандық бизнесті қолдау үшін керек.

Мұның барлығы коронавирус індетінің залалын тезірек жоюға әсер етеді деп сенемін!

### *Дорогие соотечественники!*

Положение в мире остается сложным. Инфицировано почти 800 тысяч человек в 177 странах. Динамика заболеваний растет ежедневно, по всей видимости, приближаясь к своему пику.

Вирус проверяет на прочность все государства.

Казахстан одним из первых принял необходимые меры. Благодаря введению режима чрезвычайного положения нам удалось предотвратить неконтролируемое распространение вируса.

Без этого количество инфицированных могло быть в разы больше.

По моему поручению усилены карантинные меры не только в столице и в Алматы, но и во всех регионах страны.

Благодарю всех казахстанцев за понимание, спокойствие и выдержку.

Мы не допустим паники, и в этом граждане должны поддержать государство. Сейчас это важно как никогда.

Сегодня вся страна восхищается мужеством и стойкостью казахстанских врачей и медработников. Они настоящие герои, которые спасают жизни.

*(Жалғасы 2-бетте.)*

# Карантинные меры по COVID-2019




Согласно решению заседания межведомственного оперативного штаба от 16 марта 2020 года в районе принят ряд карантиных мер, обязанных к исполнению всеми ответственными лицами, жителями района. Организован штаб по профилактике и противоэпидемическим мероприятиям. Отделом внутренней политики усилена разъяснительная работа через сайт акима района, социальные сети местных исполнительных органов.

Управлением полиции усилена охрана общественного порядка; медучреждения приняли решение о запрете выхода сотрудников в отпуска, произведен отзыв на работу находящихся в отпусках; районным управлением качества и безопасности товаров и услуг организована бригада для проведения санэпидмероприятий; приостановлены перевозки пассажиров в г.Алматы предприятиями пассажирского транспорта ТОО «Шелек-Тулпар», ТОО «Акжол-Агротранс», ТОО «Тулпар-Экспресс».

Акиматом района через соцсети ведется работа по расширению онлайн-покупок и доставки населению продуктов, вещей и лекарств. Приостановлена деятельность домов культур, музеев, библиотек, ДЮСШ и других спортивных клубов и секций, объектов туризма, внешкольных объектов образования. Районным управлением контроля качества и безопасности товаров и услуг объектам торговли вручены постановления о проведении санэпидмероприятий с ограничением работы с 11 до 17 часов. Розданы уведомления о закрытии выставок, фитнес-центров, тренажерных залов, кинотеатров и других объектов массового пребывания людей.

На основании письма главного санитарного врача района Есикский центр оказания специальных социальных услуг «Аманат», «Специализированный дом ребенка в с.Шелек» закрыты на карантин. Областные спецшколы-интернаты для детей с нарушением зрения и для детей с нарушением интеллекта с 16 марта по 5 апреля 2020 года находятся на весенних каникулах. По данным на 31 марта 2020 года в Енбекшиказахском районе зарегистрирован один заболевший корнавирусом. С подозрением на COVID-2019 в карантин помещены два человека, контактных – 37. Находятся под домашним наблюдением 67 граждан, прибывших из-за рубежа, 1127 прибывших из г.Нур-Султан и г.Алматы.

Медучреждения района подготовлены к приему больных коронавирусом, обеспечены всем необходимым инвентарем и медикаментами. На сегодня открыт карантинный изолятор на 30 коек, инфекционное отделение будет усилено 20 койками, развернуты карантинный госпиталь на 150 коек и провизорный госпиталь на 40 коек.

Круглосуточно работает телефон «горячей линии» CALL-центра 23619 по разъяснению мер профилактики, госпитализации, правил вызова СМНП по COVID-2019.

***Соб.инф.***

## *Тағайындау*

## Бауыржан Мыныханұлы БИМЕНОВ



Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №56-к өкімімен Бименов Бауыржан Мыныханұлы Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Б.Бименов 1970 жылы 3 қыркүйекте Қырбалтабай ауылында дүниеге келген. 1992 жылы қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылық институтын «Агрохимия және топырақтану, ғалым-агроном» мамандығы бойынша, 2004 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1993 жылы Түрген қой кеңшарының №7 бөлімшесінде бригадир көмекшісі боп бастаған. Кейіннен кеңшардың №1 бөлімшесінде бригадир, бас агроном боп еңбек етті. Әр жылдары Қырбалтабайдағы «Ақжал» АҚ №2 бөлімшесінің меңгерушісі, агрономы, Қырбалтабай округінің әкімі, аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет төрағасы, аудандағы ауылшаруашылығы басқармасы бастығының міндетін атқарушы, бөлім басшысы, аудандық ауылшаруашылық және жер қатынастары бөлімінің басшысы, Бөлек округінің әкімі қызметтерін абыройлы атқарған. 2013 жылдан осы уақытқа дейін Есік қаласының әкімі болған.

Бірнеше мерекелік медальдардың иегері.

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдемесі

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*

Мной принято решение о дополнительных мерах поддержки тех, кто находится на передовой борьбы с пандемией.

Думаю, сегодня это самое малое, что мы можем сделать для наших медиков.

Отдельной благодарности заслуживают и сотрудники полиции, а также военнослужащие.

К сожалению, работа и жизнь в режиме ЧП всегда приводит к значительным экономическим и социальным издержкам.

Многие казахстанцы сегодня сталкиваются с большими трудностями. Мы это прекрасно понимаем.

Правительство и акимы уже приступили к реализации первого пакета антикризисных мер.

Понимая остроту ситуации, мной принято решение о дальнейших шагах по поддержке граждан и бизнеса.

Первое. Поручаю проиндексировать пенсии и государственные пособия, включая адресную социальную помощь, на 10% в годовом выражении.

Это означает увеличение доходов соответствующих категорий наших граждан на общую сумму более 200 миллиардов тенге.

Второе. Поручаю расширить охват дополнительными социальными выплатами в размере одной минимальной заработной платы, о чем я говорил 23 марта.

Считаю, что эти деньги – 42500 тенге – должны получать не только те, кто ранее имел официальную работу и зарплату. Нужно помочь нашим гражданам, которые являлись и являются самозанятыми или работали неофициально.

Для этого им достаточно формализовать свой статус, после чего на весь период ЧП они начнут получать ежемесячную соцвыплату от государства.

Высказываются обоснованные опасения, что некоторые граждане, имея достаточные неофициальные доходы, все равно будут оформляться для получения этой выплаты.

С подобной ситуацией мы, если помните, уже сталкивались.

Но из-за отдельных несознательных людей мы не можем ставить под удар сотни тысяч действительно нуждающихся сограждан.

В целом меры, высказанные мной 23 марта и сегодня, охватят порядка 3 миллионов наших граждан.

Третье. Поручаю продлить с 1 апреля до 1 июля право незастрахованных граждан получать медицинскую помощь в системе обязательного социального медицинского страхования.

На этот период обслуживание граждан в медучреждениях должно осуществляться в полном объеме, независимо от статуса участника ОСМС.

Четвертое. Необходимо расширить перечень категорий граждан, которым должны предоставляться бесплатные продуктово-бытовые наборы.

Такой пакет помощи должен быть дополнительно предоставлен инвалидам 1-й, 2-й, 3-й групп, детям-инвалидам и официально зарегистрированным безработным.

Это мера охватит более 800 тысяч человек.

Причем нужно утвердить минимальный размер таких наборов в натуральном выражении.

Важно задействовать местный малый и средний бизнес для производства и доставки.

Правительству необходимо привлечь отечественные IT-компании для разработки платформы, которая позволит обеспечить эффективный механизм мониторинга целевого распределения средств социальной поддержки.

В дальнейшем нужно постепенно перейти от натуральных наборов к перечислению средств для самостоятельного выбора и покупки.

Пятое. Крайне важно своевременно провести весенне-полевые работы.

70 миллиардов тенге будет выделено из бюджета и доведено до фермеров через АО «Аграрная кредитная корпорация». Ставка для конечных заемщиков не будет превышать 5%.

Поручаю направить дополнительно 100 миллиардов на эти цели в рамках программы «Экономика простых вещей». Конечная ставка в рамках этой программы была унифицирована по всем отраслям и составляет 6%.

В первую очередь необходимо поддержать мелкие и средние крестьянские хозяйства.

Кроме того, ставлю Правительству задачу по удешевлению цены дизтоплива для сельхозпроизводителей до 165 тенге за литр или на 15% от рыночной цены.

Для этого будет выделено около 390 тысяч тонн дизтоплива по льготной цене.

Подчеркну, что удешевленное топливо должно дойти до конечных получателей – фермеров.

Работа т.н. «операторов», через которых идет снабжение, должна быть абсолютно прозрачна.

Правительство и Генеральная прокуратура должны обеспечить соответствующий надзор и контроль в регионах.

Есть ряд проблем, которые усложняются в условиях карантина – оформление залогового имущества в ЦОНах, нотариальное заверение, приобретение запасных частей и т.п.

Поэтому вопросы весенне-полевых работ должны быть на особом контроле у Правительства и акиматов.

С точки зрения продовольственной безопасности сейчас критически важен каждый день.

Шестое. Из-за введенных карантинных мер вокруг столицы, городов Алматы и Шымкент наблюдается избыток трудоспособного населения, прежде всего, молодежи.

Правительству и акимам в рамках «Дорожной карты занятости» следует незамедлительно начать конкретные проекты именно в упомянутых регионах.

У людей должен быть источник заработка, чтобы они не сидели у закрытых шлагбаумов без средств к существованию.

Гражданам, которые готовы выехать на работу в рамках «Дорожной карты занятости», будут предоставлены «подъемные» в размере 2 МЗП или 85000 тенге сразу же после прибытия к месту работы.

Не взамен, а в дополнение к регулярной заработной плате.

Будут развернуты мобильные рекрутские пункты, в рамках которых акиматы проведут разъяснительную работу, экспресс-тестирование на коронавирус, сбор и транспортировку работников до места новой работы.

И конечно, всех занятых по «Дорожной карте бизнеса» работодатели обязаны обеспечить достойными условиями труда и средствами защиты.

Седьмое. Ранее я уже обнародовал меры, направленные на поддержку МСБ. Это и налоговые преференции, и отсрочки по платежам по займам, и многое другое.

Что касается предложений представителей малого и среднего бизнеса.

Большое количество из них поддержано и уже реализуется госорганами. Это касается расширения видов деятельности, признаваемых приоритетными для целей господдержки, снижения и унификации ставки кредита, увеличения объема государственных гарантий.

Агентство по финансовому регулированию работает с банками и другими финорганизациями по вопросу отсрочки и реструктуризации платежей по кредитам МСБ.

Хочу отдельно остановиться на данном вопросе.

Многие предприниматели просят приказать банкам не начислять проценты на кредиты за период ЧП.

Следует понимать, что для банков это упущенная выгода, убыток. Банки тоже неотъемлемая часть нашей экономики.

Поэтому я вновь обращаюсь к банкам второго уровня проявить конструктивизм, гражданскую ответственность и солидарность.

В трудные для банков моменты государство оказало им значительную помощь. Сейчас от вас нужна поддержка населению и отечественному бизнесу.

Вместе с тем, при необходимости государством могут быть предприняты дополнительные директивные меры.

В целом в случае дальнейшего ухудшения ситуации Правительство и финансовые регуляторы примут меры по решению данного вопроса.

Далее. Наши предприниматели нуждаются в дополнительной поддержке в части снижения налогового бремени. Это в особенности важно с точки зрения сохранения занятости и выплаты зарплат.

Поэтому для субъектов МСБ в наиболее пострадавших секторах экономики на 6 месяцев (с 1 апреля до 1 октября т.г.) отменяется начисление и уплата налогов и других платежей с фонда оплаты труда.

Эти сектора включают в себя: общественное питание, отдельные сектора торговли, транспортные услуги, консультационные услуги, IT-сектор, гостиничный бизнес, туризм и т.д.

Госкомиссия по ЧП утвердит окончательный перечень и будет актуализировать его по мере необходимости.

В обращении предпринимателей я также отметил просьбу о неначислении любых налогов на период кризисной ситуации.

По этому вопросу хотел бы отметить следующее.

Оперативное решение было принято, по моему поручению Правительство приостановило уплату всех налогов для МСБ на три месяца.

То есть на данный момент конструкция такова, что налоги в этот период платить не надо, но придется заплатить позднее.

Вместе с тем, мы внимательно изучаем ситуацию в экономике. В зависимости от того, какой она будет, мы примем окончательное решение.

Далее. Правительством ведется работа с партнерами по Евразийскому экономическому союзу в части обнуления ввозных пошлин для наиболее важного для нас импорта.

Решение по средствам индивидуальной защиты, сырью для их производства, вакцинам, наборам для диагностики уже принято.

Продолжается работа по снижению импортных пошлин по ряду продовольственных товаров, по которым мы не являемся самодостаточными.

Правительству следует обеспечить учет запросов отечественного бизнеса и ускорить данную работу.

Крайне важно также задействовать потенциал местного малого и среднего бизнеса.

Акиматы и Правительство (через «Государственную продовольственную корпорацию») должны наладить механизм гарантированного закупа продукции у отечественных сельхоз и перерабатывающих предприятий как минимум на 6 месяцев вперед, т.е. внедрить так называемый «форвардный закуп» или «покупку под урожай».

Предстоит определить четкий механизм интеграции предприятий по всей цепочке – от поля до прилавка и обеспечить их льготным кредитованием.

Бизнес, в свою очередь, должен взять на себя встречные обязательства по обеспечению объема производства, сохранению цен, поддержанию занятости и т.д.

Восьмое. Для реализации данного пакета мер поручаю Правительству и Национальному Банку задействовать все необходимые источники средств, включая Государственный фонд социального страхования, ресурсы и инструменты Национального Банка.

Средства Национального фонда, созданного нашим Первым Президентом – Елбасы, следует расходовать рационально.

В целях оперативного и точечного доведения средств до реальной экономики не стоит исключать возможность и прямого финансирования через государственные институты развития: «Байтерек», «Аграрная кредитная корпорация» и другие.

Данный механизм, наряду с другими преференциями, должен быть нацелен на помощь средним быстрорастущим компаниям с экспортной нацеленностью. Эти компании могут выступить нашими «локомотивами» и в посткризисный период.

Далее. С учетом объема финансовых ресурсов, масштабов антикризисных мер особую важность приобретают вопросы обеспечения целевого и эффективного расходования выделяемых средств, соблюдения принципов открытости и прозрачности при оказании поддержки гражданам и бизнесу.

Эта задача возлагается на Счетный комитет. Нужно подключить также к данной работе региональные ревизионные комиссии, общественные советы.

При этом следует учитывать особые условия чрезвычайного положения.

### *Дорогие казахстанцы!*

Я понимаю, жизнь поставила каждого из нас в непростые условия.

Но эпидемия коронавируса – временное явление, и мы обязательно его победим.

Единство и сплоченность нашего общества придают нам сил и уверенности в том, что вместе мы преодолеем все трудности!

Отдельные слова поддержки адресуются больным коронавирусом. Не отчаивайтесь! При всей опасности эта болезнь не является абсолютно фатальной, от нее излечиваются. Мы, государство и общество, сделаем все возможное, чтобы помочь вам.

### *Құрметті отандастар!*

Коронавирус ндетіне байланысты баршамыз күрделі кезеңді өткеріп отырмыз.

Бірақ, бұл – уақытша қиындық.

Біз оны міндетті түрде жеңеміз!

Бүкіл әлем күресуде. Біз де бар күш-жігерімізді саламыз.

Біз, мемлекет және қоғам болып барша азаматтарымызға қолдау көрсетеміз, ешкімді көмексіз қалдырмаймыз.

Мұқтаж адамдарға қол ұшын береміз.

Бұған ешқандай күмән болмауы керек.

Ең бастысы, шыдамдылық, төзімділік және жауапкершілік танытайық.

Біз – рухы асқақ, бірлігі бекем, еңсесі биік халықпыз.

Сондықтан, бұл сынақтан да сүрінбей өтіп, қиындықты бірге еңсереміз деп сенемін.

Басты тойларымыз әлі алда.

Төрт құбыламыз түгел болсын, ағайын!

Біз біргеміз!

*31 наурыз 2020 ж.*

---

## *Төтенше жағдай*

***Адамзатты әуреге салған коронавирус індетін жұқтырғандар саны күн санап артып келеді. Әлемнің барлық елдерінде төтенше жағдай жарияланып, ірі мегаполистер карантинге жабылуда. Елімізде де Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары карантинге жабылып, адамдар мен көліктердің қозғалысына шектеу қойылды. Бүгінгі таңда жағдай толықтай бақылауда. Дей тұрғанмен, босаңсуға әлі ерте. Сондықтан да облысымыз бойынша бірқатар шектеулер қойылып, Есік қаласының шекарасына да санитарлық және мобильді бекеттер орнатылды.***

# Бақылау бекеттері:

## *аудан орталығына кімдер кіре алады?*

Баршамызға белгілі, орталық базар, сауда орындары мен банк бөлімшелері, әкімшілік мекемелер Есік қаласында орналасқандықтан, жақын маңдағы ауылдардан аудан орталығына ағылатындар жетіп-артылады. Санитарлық режимді күшейту және тұрғындардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында 1 сәуірден бастап бекеттер орнату туралы шешім қабылданды. Қалаға кіретін негізгі жолдарға 3 санитарлық 6 мобильді бекеттер қойылды. Бұл жерде күндіз-түні 36 полиция қызметкері, 24 медицина, 18 мемлекеттік қызметкер жұмыс жасайды. Сонымен қатар, қоғамдық денсаулық сақтау басқармасынан 12 маман тартылған.

Айта кетейік, Есік қаласына кіретін айналма жолдардың барлығы жабылған. Негізгі жолдарға қойылған бекеттерде барлық көліктер тоқтатылып, міндетті түрде жүргізушілер мен жолаушылардың дене қызуы тексеріледі. Аудан орталығына тек нақты мақсатта бара жатқан азаматтар ғана өте алады. Соның ішінде, медицина мекемелеріне, банк бөлімшелеріне, почта және жеке нотариус қызметіне жүгінушілер ғана қала аумағына жіберіледі. Сонымен қатар, аудан орталығының тұрғындары мен осында жұмыс істейтін азаматтар да кіре алады. Ол үшін өзімен жұмыс орнынан берілген арнайы анықтамасы болуы тиіс.

Сонымен қатар, көлікте бетпердесіз отыруға болмайды және әр жолаушының жеке куәлігі болуы тиіс. 65 жастан асқан азаматтар мен үлкендердің қараусыз жүрген кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің де қалаға өтуіне тыйым салынған.

Бүгінде бекеттерде бақылау күшейтілген. Әрбір көлік тоқтатылып, жолаушылардың дене қызулары тексеріледі. Қайдан келе жатқандығы және қандай мақсатпен қайда бара жатқандығы сұралады. Сондай-ақ, жеке куәлігі арқылы арнайы тізімге тіркеледі.

Өткен аптада аудан әкімі Бинәлі Ысқақ және аудандық полиция басқармасының басшысы Талғат Сейілханов бекеттерге арнайы барып, жұмыс барысын бақылаған болатын. Осының барлығы тұрғындардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында жасалып жатқандығын айтқан Бинәлі Әбдіқапасұлыауданның бас полицейіне бақылау бекеттерінің маңына арнайы жол белгілерін қою жөнінде тапсырмалар берді.

Азаматтардың қауіпсіздігі үшін, басын бәйгеге тігіп, күндіз-түні жұмыс атқарып жүрген бақылау бекетіндегі медицина қызметкерлерінен мән-жайды білген едік:

– *Біздің негізгі жұмысымыз аудан орталығына бағыт алған әр адамды тіркеп, дене қызуын өлшеп отыру. Жұмысымыз 12 сағатқа дейін созылады. Бекеттен өтетіндердің басым көпшілігі Есік қаласының тұрғындары. Осы уақытқа дейін ешқандай заңбұзушылық пен денсаулығына шағымданған азаматтар болған жоқ* – дейді аудандық аурухананың учаскелік мейірағасы (медбрат) Берік Құттыбай. Сөзіне сүйенсек, осы күнге дейін дене қызуы көтеріліп, бекеттерден өте алмаған азаматтар тіркелмеген. Ондай жағдай бола қалса, бірден жедел жәрдем шақыртылып, науқас азаматқа арнайы тексеру жасалады.

Сонымен қатар, төтенше жағдайға байланысты ауданымызда бірнеше шектеулер қойылды. Айталық, барлық дәріханалар мен дүкендер кешкі 20:00-ге дейін ғана жұмыс жасайды. Көшеде, парктер мен ойын алаңдарында серуендеуге тыйым салынады. Себепсіз көшеге шығуға болмайды. Медициналық бетпердесіз қоғамдық орындарда, дүкен мен дәріхана, банк, почта бөлімшелері мен мемлекеттік мекемелерге кіруге тыйым салынады.

Ауданымыздағы төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік шаралары жайлы толық ақпараттарды жариялайтын боламыз.

**Сардарбек НҰРАДИН.**

**Төтенше жағдай**

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 16-тармақшасына және «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6-баптарына сәйкес «Covid -19» пандемиясының таралуына байланысты ел ішінде төтенше жағдай жариялады. Артынша, дүркін-дүркін жиындар өткізіп, сақтық шараларын атқаруды бір сәтке де доғаруға болмайтынын нақтылаған болатын.***

# Емханаларда жаңа ереже

Осы орайда, Алматы облысы да «COVID-19» дертінен сақтану үшін барлық шараларды күшейтуде.Тұтас мемлекетке төнген қатерден республикалық масштабта шекараны жауып келсен сақтанудың жолын жасаса, біздің өңірде Жетісудың бас шаһары Талдықорған қаласының айналасына тәулік бойы жұмыс істейтін 4 санитарлық бекет орналастырылды. Ондағы полиция мен СЭС мамандары қалаға кірген адамдарды тексереді. Осылайша, қатерлі аурудың апанынан тұрғындарды аман алып қалмақшы.

Аты жаман дертпен күресудегі күш медицина қызметкерлеріне түскені жасырын емес. Облыстағы білікті мамандар пандемия кезінде пенде атаулының ахуалына нұқсан келмеуі үшін бір қатар уақытша өзгерістер енгізіп, елдің дер кезінде ем алуына қолайлы жағдай жасап отыр.

Мәселен, облыстық Денсаулық сақтау басқармасының шешімімен Алматы қаласында жүктілік бойынша тіркеуде тұрған әйелдер дәл қазіргі тұрғылықты жері бойынша Алматы облысының кез келген медициналық мекемесіне кедергісіз тіркеліп, ауруханаға жатқызылады ол бірінші енгізілген жаңа ереже.

*– Алматы қаласымен шекаралас аудандардың гемодиализ (диагнозы бойынша емделушілерін аудандық ауруханадан Алматы көпсалалы клиникалық ауруханаға жедел жәрдем көлігімен жеткізеді. Балаларға екпе салуға шектеу қойылған жоқ. Бірақ, медициналық мекемеге келетін ата-аналар коронавирусқа қатысты барлық сақтық шараларын сақтауға міндетті. Мұны да балғындардың кемел келешегі үшін қабылданған шешім деп түсіну керек,* – дейді Алматы облысы бойынша Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ербозымұлы.

Одан басқа, аймақтық көпсалалы клиника да жаңа ережелер енгізілді. Ондағы өзгерістерге сәйкес, орын алған жағдайға байланысты емдеу мекемесіне өзге адамдар мен көліктің кіруіне тыйым салынған. Және де ем алушының жақындары тағам мен қажетті заттарды күніне бір рет сағат 16:00-17:00 аралығында клиниканың қызметкерлері арқылы жеткізеді. Ескертетін жайт емханаға мамандардың қабылдауына жазылған пациенттерге ғана кіруге рұқсат етіледі. Міне осы тектес жұмыстар облыс аумағында қарқынды жүргізіліп жатыр.

«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ кепілі» екенін басшылыққа ала отырып, өзіңіздің және жақындарыңыздың қамын Сіз бірінші ойлауға тиіссіз. Әп сәтте сансыз елді сабылдырған эпидемияның құрсауынан аман қалуға жазсын.

***Анар САБЫРОВА.***

**Аналық бір өтініш:**

***«Әзірше үйде болыңыз!»***

Дүрлігіп тұр қарай қалсақ оңымыз бен солымыз,
Сақтық үшін жабылыпты күнде жүрген жолымыз.
Көзі ашық бар жан үшін жазыпты,
Теледидар бетіне де депті «үйде болыңыз!»

Амансыз ба атам, апам төрде еді орныңыз,
Қиындық пен жақсыны да ұрпақ үшін көрдіңіз.
Жақсы күндер әлі алда той мен думан деп тілеп,
Аман-есен балалармен әзірше үйде болыңыз!

Бәрімізде бар еді ғой туысқандар тобымыз,
Карантинді ескермесек жөн болмайды онымыз.
Бекер емес үйден шықпа,шықпа үйден дегені,
Тек онлайн араласып туыстармен әзірше үйде болыңыз!

Аға, жеңге асыраушы таусылмасын қорыңыз,
Сәт-сәт сайын стерилді жуылады қолыңыз.
Бір-бір үйдің тірегісіз сізге үмітті балаңыз,
Солар үшін сабыр сақтап әзірше үйде болыңыз!

Балалар-ау шалалықпен қайнамасын сорымыз,
Қорғаштайды бүкіл әлем ұғынайық соны біз.
Интернеттен пайдалысын тауып алып өзіңе,
Көше кезіп,ойын қумай әзірше үйде болыңыз!

Бәрі өтер, түгенделер барымыз бен жоғымыз,
Амандықта түйіседі әлі талай жолымыз.
Тек сол күнге жету үшін дін аман,
Үлкен-кіші бір кісідей әзірше үйде болыңыз!

Ойыңызға жасаңыз да жақсылықтан бекініс,
Үйде болып сақтаныңыз болмас үшін өкініш.
Жоғарыда айтылғандар бұйрық емес жай ғана,
Ұрпақ үшін алаң болған аналық бір өтініш!

***А.С.БЕКСАЙЫНОВА,***
***Ақтоған ауылы.***

**БІЗ БІРГЕМІЗ!**

# Иманды жастар

***Әлемді әбігерге салған коронавирус індеті елімізге де еніп, індет жұқтырғандар саны күн санап арту үстінде. Төтенше жағдай енгізіліп, жүріс-тұрыс шектелді. Бұл әсіресе әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қиын соғып отыр. Десе де оларға қол ұшын созып, қайырымдылық жасап жүрген еріктілер турасында сөз қозғамақ едік.***

Биылғы жыл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Еріктілер жылы деп белгіленгені аян. Жастарды қайырым мен имандылыққа тәрбиелеу мақсатында белгіленген жыл аясында еріктілер тарапынан атқарылып жатқан істер шаш етектен.

Ауданымызда иман жүректі жандар аз емес. Бұл игілікті істі ұйымдастырып, басы-қасында жүрген ерікті жас Қанат Теңгелбайұлы және оның жанында жүрген жастар сөзіміздің дәлелі. Төтенше жағдай жарияланғалы аудан аумағында тұратын 25 отбасына 269000 теңге көлемінде азық-түлік алып беру арқылы көмек қолын созған. Қаржыны әлеуметтік желілерден эстафета ұйымдастыру арқылы жинаған. Қауіпті індеттен қорықпай көше кезіп азық-түлік таратып жүрген жастарға Алла жар болсын деген игі тілегімізді ақтардық біз де.

***Әділет САРЫБАЙ.***



* * *

Төтенше жағдайға байланысты аудан еріктілері «Біз біргеміз» акциясы аясында әлеуметтік желілер арқылы эстафета ұйымдастыруда. Арнайы ашылған қорға құйылған қаражатқа азық-түлік және медициналық заттар алынып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға және көп балалы, жалғыз басты аналарға көмек ретінде берілуде. Аз уақыт ішінде 47 отбасыға жалпы сомасы 580 мың теңгеге азық түлік пен медициналық бетперделер мен ансисептиктер таратылды. Ауданымыздың белсенді жастары мен еріктілері көмек көрсетілген отбасылардың ақ батасын алуда. Аталмыш эстафета алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ. Сонымен қатар, жақын арада тағы да 15 көмекке мұқтаж отбасыға көмек көрсетілмек. Аталған жанұялар 250 000 теңге көлемінде азық-түліктер мен медициналық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмек.

***Арайлым БАҚБЕРГЕНҚЫЗЫ,***
***аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.***

* * *

***В рамках инициированной Главой государства общереспубликанской акции «Біз біргеміз!» по поручению Елбасы партией «Nur Otan» и фондом Первого Президента были выделены средства на поддержку социально уязвимых слоев населения в период коронавируса.***

А также в рамках объявления 2020 года «Годом волонтера», а также в целях поддержки и оказания социальной помощи семьям из числа малообеспеченных, одиноко проживающих пенсионеров, матерей-одиночек, молодежь села Жанашар не осталась в стороне провели очередную благотворительную акцию для семей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, обеспечив их продуктами питания первой необходимости. Выражаем особую благодарность нашей молодежи, и надеемся, что подобные акции будут иметь продолжение, найдутся еще инициативные неравнодушные люди, которые поддержат семьи, нуждающиеся в помощи других.

***Гулшат ЛАВЬЯЕВА,***
***инструктор по молодежи***
***Жанашарского сельского округа.***

# Сабырлық - басты қару

***Әлемді әуре-сарсаңға салып, күллі жұрттың жүрегін алған пандемиямен күрес – күн тәртібінде күйіп тұр. Әлбетте, мемлекетіміз үшін адам және оның өмірі бірінші орында. Сол себепті, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекетіміз бойынша төтенше жағдай жариялады. Бұндағы мақсат та көпке айқын: коронавирус дертінің кең етек алуына жол бермеу.***

Иә, қазір түрлі әлеуметтік желілерде, БАҚ беттерінде коронавируспен күрестің түр-түрін ұсынуда. Әр елдің бұл дертпен әлек болған сәттері де жариялануда. Әйткенмен, қазақ қанында есте жоқ ескі замандардан қалыптасқан қағидат бар. «Бірлік бар жерде, тірлік бар» деп екі ауыз сөзге сыйғызған дала даналарының сөзі қазіргі дертпен күресте ұран болуы тиіс. Еліміз боп «Біз біргеміз!» деп аттандауымыз да тегін емес. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын сәт туды. Осы күнге дейін еліміздің берекесін кім алғысы келмеді, сырттан жау, іштен дау туғызуға әрекет еткендер де сазайын алды. Бәріне емші – уақыт. Хакім Абайдың: «Ауруды жаратқан Алла, ауыртқан Алла емес» деген ұлағатты ойын қаперге алыңызшы осындай қысылтаяң сәтте. Шынында, адамзаттың мазасын алған вирус-пен болған майданның басты қаруы – сабырлық. Біз қазір әр отбасы өз өміріне өзі жауапты болған кезеңде тұрмыз. Бұл ту көтеріп, қол жинап атқа қонатын емес, отбасы, ошақ қасында болатын сәт. Тарихты парақтасақ, қазақ ұлысы оба мен сүзекті, шешекті бастан кешірген ел. Ошағынан ұзап шықпай, отбасын сақтады. Қазір бізге індеттің алдын алатын бірден бір ем осы. «Сабырлы болсаң озарсың, сабырсыз болсаң тозарсың» демей ме дана қазақ. Ендеше, сабырлық сынға түскен майданнан бірге өтейік, жерлестер.

***Бекет АХМЕТОВ,***
***Еңбекшіқазақ аудандық мәслихат хатшысы,***
***аудандық мәслихат депутаты.***

# Ерлікпен пара-пар

***Қысылтаяң уақытта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір-бірімізге қолдау көрсетудің маңызы зор. Әрқайсымыздың кісілігіміз де, кішілігіміз де осындайда сыналады емес пе?!***

Жаһанды жаулаған жаман дертпен күресте кез келгеніміз ерлік жасай аламыз. Оның ең қарапайымы – карантин уақытында үйде отырып, тәртіпке бағыну болса, мүмкіндігімізге қарай көпшілікке көмек беруіміз де ерлікпен пара-пар әрекет. Бетперде тігіп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына, қарттар үйі мен балалар үйіне таратып жатқан жандар туралы жазып жатырмыз. Ауданымыздағы ерікті жастардың қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, тұрмысы төмен отбасыларына азық-түлік жеткізіп беріп, алғысын алып жатқандарынан да хабардарсыздар.

Осындай тағы бір айқын мысалды «Айдарбаев» шаруа қожалығының иесі Ерік Айдарбаев көрсетті. Оның қызметкерлері – 250 адамға, оның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен 27 отбасына 3 млн 735 мыңтеңгеге азық-түлік алып, теңдей таратты. Бір-бір қаптан ұн, күріш пен қантын үлестірген Ерік Айдарбаевтың бұл ісі өзге де кәсіпкерлерге үлгі болса игі.

Игі істі Алматы облыстық мәслихат депутаты, меценат Жангелді Осан да жалғады. Өз кезегінде Шелек аудандық ауруханасы қызметкерлеріне 1000 дана көп реттік бетперделерді үлестірді.

«Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп Абай атамыз айтпақшы, қайырлы істер қатарының көбейгендігі – елдігіміздің белгісі емей немене.

***Құралай МҰРАТҚЫЗЫ.***

# Бетперделер тегін таратылды

***«Біз біргеміз» акциясы аясында елдің түпкір-түпкірінде жасалып жатқан игі істердің қатары көп. Қазіргі қиын-қыстау кезеңде кез келген көмектің игілігін әрқайсымыз жіті түсіндік. Қолымыздан келгенінше көмегімізді аямау – адами парызымыз.***

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен Еңбекшіқазақ ауданындағы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Іскер әйелдер кеңесінің тікелей қатысуымен ауданымыздағы 3600 көпбалалы отбасын бетпердемен қамту үшін алғашқы 1000 дана маталы бетперде тігілді. Мұның бәрі де тегін таратылды. Бірнеше рет жуып қолдануға болатын бұл бетперделер таза мақта матадан тігілген.

Бұл бетперделер (гигиеналық тұмшалары) ауданның Іскер әйелдер кеңесінің мүшесі, «Атамекен» ҰКП 2019 жылғы «Жас кәсіпкер» бағдарламасының түлегі, Есік қаласында орналасқан ЖК «Тынайбекова Г. К.» бизнес-тігін цехы бар Әсем Тынайбекованың басқаруымен тігіп шығарылды. Тігін цехын анасы Гүлнар Қожанқызы Тынайбекова басқарады. Ел басына күн туғанда бірігіп іс қылу – ортақ парыз. Ендеше, бірлігімізге сызат түспей, ел іргесі бүтін болсын.

***Шолпан ҚАСЫМБАЕВА,***
***Еңбекшіқазақ ауданы «Атамекен» ҰКП***
***Іскер әйелдер кеңесінің төрағасы.***

### Жедел сұхбат

***Әлеуметті әбігерге салып, талайдың түн ұйқысын төрт бөлген 42500-дің жыры күн тәртібінде күйіп тұр. Әлбетте, түсінуге болады, табысынан түгесіліп, қаражатсыз күн көру оңай емес. Әйткенмен, ауруды ешкім сұрап алмайды, сол секілді індет те айтып келмейді. Ел арасында тәжді вирус деп аталған бұл кесел елімізді ғана емес, әлемді аша алақанында, жұмса жұдырығында ұстауда. Экономикасын былай қойғанның өзінде мемлекет күретамыры халқының басына ауыр күн тудыруда. Мыңдаған адам өмірін жалмап, миллиондардың денсаулығын мүжіп, емхана төсегіне таңып қойды. Ендігі кезек, арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей осынау сын сағатынан аман өту. Бір айға белгіленген төтенше жағдай кезінде табысынан айырылғандарға мемлекет қолдау көрсететінін Президент Мәлімдемесінде жариялады. Содан бері сасқан халық әртүрлі дерек көздерінен мәлімет іздеп әлек. Таяқтың екі ұшы секілді екіұшты әңгімелер қараша арасында өріп кетті. Осыны білмекке біз де аудандық жұмыспен қамту орталығына бардық. 24 ақпанда аудан әкімінің өкімімен тағайындалған орталық басшысы Рауан Талғатұлы Қайыпов сұрағымызға жауап берді.***

# 42 500 кімге тиесілі?

***– Рауан Талғатұлы алғашқы сұрағымыз, 42 500 теңге кімге тиесілі?***

– Сұрағыңыз өте орынды. Қазір бізге де қаншама адамдар осы сұрақпен келеді. Қашықтықтан жұмыс істегендіктен, біз де мүмкіндігінше сыртқа шығып жауап беріп жүрмыз. Себебі, біздегі мамандар саулығы – бірінші орында. Ендеше нақты жауапқа көшелік, Біріншіден, жалдамалы қызметкерлер. Олар карантин енгізілген қалаларда жалақысының сақталуынсыз еңбек демалысына жіберілгендер. Сонымен қатар, бұған ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлері де жатады.

Екіншісі – жеке тұлғалар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Олардың қатарында жеке кәсіпкерлер, жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалар бар: жеке адвокаттар, нотариустер, сот орындаушылары, медиаторлар. Олар да табысынан айырылғандар.

***– Төлемді алу үшін не істеу керек?***

– Бүгінде әлеуметтік төлемді алу үшін құжат тапсырудың қажеті жоқ. Тек өтінім беріледі. Бұл өтінімде төлемді алу үшін барлық ақпарат (мәліметтері - толық аты-жөні, ЖСН, карта есебі) көрсетіледі. Жұмыс беруші өз жұмыскерлерінің тізімін ұсынады.

Төтенше жағдай режиміне байланысты табысыңыздан айырылғаныңыз туралы дәлелдеудің қажеті жоқ, оны ешкім тексермейді. Сіздің өтініміңізде бұл көрсетіледі, сол негізге алынады. Өтінім электронды түрде тапсырылады.

Сонымен қатар, көптеген адам өтінімді беру, ЭЦҚ қосу қиын екенін және Egov порталы жүктелмейтінін айтқан. Сондықтан бұл мәселені шешуге арналған бірнеше техникалық шешім бар:Бірінші - «Электронды үкімет» порталы.



Сервис арқылы әр адам өзінің мәліметтерін толтыруы қажет. Енді бұл өтінімге қандай да бір файлдарды қосу қажет емес. Маңыздысы - осы өтінімнің болуы. Оған ЭЦҚ арқылы қол қою қажет немесе СМС арқылы құпиясөз алумен қол қойылады.

Ең басты шарт, өтінім беруші 2019 жылдың наурызынан осы жыл аралығында кемінде бір рет әлеуметтік сақтандыруға қаржысы құйылып отыруы тиіс.

***– Қазір көпшілік арасында үйде бала күтімінде отырған аналар да ала алады екен деген әңгімелер естіліп жүр. Бұған не дейсіз?***

– Бір жасқа дейінгі төленетін жәрдемақысы бар аналар бұл көмекті алмайды. Бұл жердегі басты мақсат – жұмысқа қабілетті, төтенше жағдайға байланысты табысынан айырылған азаматтарға қолдау көрсету.

***– Өтінімді қалай дұрыс беру керек?***

– Мәліметтер (ЖСН, карта есебі және аты-жөні) дұрыс енгізілуі керек. Себебі ақша сіздің тегіңізбен, карта иесімен салыстырылады. Екінші талап бойынша, соңғы 12 айда Әлеуметтік сақтандыру қорына ең болмаса бір әлеуметтік төлем немесе Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бір зейнетақы аударымы жасалуы тиіс. Бұл жағдайда талаптың енгізілу себебі - ақша кассадан беріле салмайды, ол Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы төленеді.

Бірақ көптеген адам мұндай әлеуметтік аударымдары жоқ, болмаған да болуы мүмкін. Себебі, ол адамдар бейресми жұмыс істеген, олардың еңбек келісімшарттары жоқ, салық та, ешқандай аударымдар да төлемеген, алайда олар үшін де 42 500 теңге алу мүмкіндігі бар. Яғни, өзінің статусын ресмилендіруі керек.

Ол үшін сіз бірыңғай төлемді төлесеңіз жеткілікті - ол қалалықтар үшін 2651 теңге, ауыл тұрғындары үшін 1325 теңге. Бір рет төлем жасаған соң сіз келесі күні ай сайын 42500 теңге алу мүмкіндігіне ие боласыз. Бұл бейресми жұмыс істегендердің барлығына қатысты. Осылайша, сіздің статусыңыз ресмилендіріледі.

***– Бүгінде аудан бойынша қанша адам бұл көмекті алады деген статистика бар ма?***

– Әрине, оны нақты бөленше адам алады деген статистиканы айту қиын. Себебі сәт сайын өзгеріп жатыр. Айталық, 6 сәуірдегі статистика бойынша EGOV порталы арқылы 362,, «enbek.kz» арқылы 93 адам өтініш берipті.

***– Бүгінде ауданымызда атаулы әлеуметтік көмек алып отырған отбасылардың жағдайы қалай? Бұл бағытта кедергі жоқ шығар?***

– Әрине, жоқ. Керісінше, төтенше жағдайға байланысты бұл топтағы отбасыларға қолдау күшейтілді. Аудан бойынша 1846 адам осынау көмекті алады. Осы күнге дейін бұл отбасындағы балаларға 1-3 жас аралығында және 3-6 жас аралығында деп екі топпен әлеуметтік пакеттер берілетін. Қазір 6-18 жас аралығын қосып, ондай отбасыларға тағы да 5302 теңге қосымша төленуде. Сонымен осы күнге дейін 1-3 жас аралығында 609 бала, 3-6 жас аралығында 698 бала және 3284 балаға 5302 теңгеден көмек көрсетілді. Бұған 17 411 468 теңге төленді.

***– Қоғамдық жұмысқа тартылған жұмыскерлер жағдайы қалай?***

– Жыл басынан осы күнге дейін аудан бойынша 250-ден астам адам қоғамдық жұмысқа жолдама алды. Қазір бәріне тұрақты жалақылары төленуде.

***– Қазіргі төтенше жағдайға байланысты жұмыссыздар қатары көбейіп жатқан шығар?***

– Мойындау керек, жұмыссыздар қатары өсуде. Қазір олардың бәрі EGOV порталына жұмыссыз ретінде тіркелуде. Төтенше жағдайға дейін 600-ге жуық жұмыссыз тіркелсе, қазір осы айдың өзінде 100-ге жуық адам жұмыссыз екенін ресми мәлімдеді. Алдағы уақытта бұл азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінде тұр.

***– Сұхбатыңызға рахмет!***

*Әңгімелескен*
*Қайнар ЖҰМАҒОЖА.*

### Күн тәртібінде

***Жақында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook парақшасында коронавирус індетінің таралуына байланысты мектеп оқушылары, колледж және жоғарғы оқу орындарының студенттерін қашықтан оқыту турасында мынандай мәлімдеме жасады: «ЮНЕСКО-ның ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда 107 мемлекетте орта білім беретін мектептер толық жабылған. Бұл – 861 миллион оқушы білім алуын тоқтатты деген сөз. Бұған қоса 12 елдің кейбір қалаларында орта білім беру ошақтары жұмыс істемейді. Осыған байланысты бірқатар мемлекеттің алдында осы үдеріс салдарын азайту және үздіксіз білім беруді қамтамсыз ету үшін мүмкіндік жасау міндеті тұр. Отандық білім беру жүйесі үшін де қашықтан оқыту форматына көшу – үлкен сынақ» – деді.***

# Білім беру жаңа форматта жалғаспақ

Аудандық білім бөлімінің мәліметіне сәйкес ауданымыздағы 84 мектептің 51 162 оқушысы 6 сәуірден бастап онлайн, яғни үй жағдайында отырып білім алу форматына көшірілген. Ауылды жерде тұратын оқушылар саны -44675 болса, қалалы жерде тұратын оқушылар саны-6487. Ендігі қашықтан оқыту жүйесін талдап көрелік. Ол дегеніміз үш тәсілмен жүзеге асырылады. Алғашқысы, мұғалім өз бетінше ғаламтор платформаларын пайдалана отырып дербес білім бере алады, екіншісі оқушының телевизиялық сабақтар және радио арқылы аудио сабақтарды тыңдап білім алуы және үшіншісі алдын-ала дайындалған сабақ жоспары арқылы қағаз жүзінде қатынас орнатып пошта немесе қолма-қол беру арқылы жүргізіледі.

Жалпы телеарна арқылы оқытылатын оқушылар саны – 25471. Олардың бүгінгі таңда BALAPAN арнасы арқылы -15165, EL APNA арнасы арқылы -10526 оқушы білім алуда.

Ғаламтор желісі арқылы қашықтықтан оқытылатын (барлық ақпараттық жүйеге қолжетімділік бар) оқушылар саны – 27581. Ал, қағаз жүзінде оқытылатын оқушылар жоқ.

Алайда тек телеарнасы бар, ғаламтор желісі жоқ 671 оқушыға кері байланыс орнату үшін 277 мұғалім тағайындалған. Оларға керекті бетперде, резіңке қолғап, қолға жағу үшін антисептикалық сұйықтықтар беріліп, мектеп тарапынан келіспен қамтамасыз етілген.

Мектеп тарапынан оқушыларға уақытша пайдалануға берілген компьютерлер саны – 115, жергілікті қаржы есебінен – 222 ноутбук сатып алынған. Жалпы – 337 оқушыға уақытша пайдалануға компьютерлер берілген.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар да назардан тыс қалмаған. Олардың саны – 861 болса, ондағы бала саны-2055.

Оның ішінде көпбалалы -491 отбасы, ондағы бала саны-1334. Осы аталған топтағы оқушылардан әлеуметтік көмек берілетін 60, әлеуметтік көмек берілетін көпбалалы отбасындағы 80, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 137 оқушы яғни 282 оқушыларға да мектептерден уақытша пайдалануға компьютерлер берілген.

Сонымен қатар, төртінші тоқсан басталысымен барлық ғаламтор арқылы жүргізілетін оқу үдерістері оқушылар үшін тегін болатындығы мұғалімдер, ата-аналар және оқушыларға ескертілген.

Әрбір білім беру мекемелерінде ауылдық округ әкімдігінің бір мүшесі тағайындалып, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға жауапкершілік жүктелген. Барлық білім беру мекемелерінде тәулік бойы Coll-центр жұмыс істейді.

Мұғалімдер қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ҚР білім және ғылым министрлігінің №123 және 108 бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жасауға кіріскен.

*Әділет САРЫБАЙ.*

### Жайдарман жаңалық!

# Тұрғындар арманы орындалды

***«Елу жылда ел жаңа» демекші, Шелек емханасы да жаңарды. Жарты ғасыр бойы қақыраған қабырға мен тозығы жеткен төбеден су ағып, емделушілердің есін алған-тын. Шүкір, көптің арманы орындалды. Республикалық бюджеттен күрделі жөндеуге 484 млн теңге, биылғы жылы облыстық бюджеттен айналасын абаттандыруға 196 млн теңге бөлініп, жуырда емхана пайдалануға берілді.***



Бүгінде көркі көз сүріндірерлік емханада қызметкерлер мен емделушілерге толық жағдай жасалған. Хирургия, терапия, жансақтау, балалар және босану бөлімдері мен емделушілерді қабылдайтын орындары талапқа сай. Оған қосымша 2 шұғыл ота жасау залы, рентген, флюорография, УДЗ кабинеттері толық заманауи технологиялармен қамтылған. Емдеу корпусында күндізгі ем алуға да жағдай қарастырылған. Бұдан бөлек 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімі де бар.



Төтенше жағдайға байланысты емханада 30 төсектік арнайы провизорлық стационар, ал балалар бөлімінде қосымша тағы 30 төсектік карантиндік стационар қойылған.

Тәулігіне 310 адамды қабылдауға қауқарлы аудандық емханада 555 адам еңбек етуде. Оның 73-і жоғары санатты дәрігерлер, 269-ы медбикелер.

*– Алдағы уақытта тұрғындар саулығы үшін табан ет тіліп еңбек етуге толық жағдай қарастырылды. Ұйытқы болған ел ағаларына алғыс айтамыз. Енді тек сапалы медициналық қызмет көрсетуіміз қажет. Бұл осындағы ақ халатты абзал жандарға артылған негізгі жүк, – дейді емхана басшысы Гүлнәр Құраметова.*

*Қайнар ЖҰМАҒОЖА.*

Көкейтесті

# Мемлекеттік тіл – МАЗАҚ ЕМЕС!

*Туған тілім – тірлігімнің айғағы*
*Тілім барда айтылар сыр ойдағы.*
*Тілім өссе, мен де бірге өсемін,*
*Тілім өшсе, мен де бірге өшемін.*

*Әбділдә ТӘЖІБАЕВ.*

***Иә, тіл – адамзаттың асылы, баға жетпес қазынасы. Есте жоқ ескі замандағы тарих, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар мен әдеби қазынамыз қасиетті тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарап, күні бүгінге жетіп отыр. Осы уақытқа дейін қаймағы бұзылмаған қазақ тілінің қазіргі таңда көсегесі көгермей тұр. Мемлекеттік тілді дамытуға бюджеттен миллиондаған қаражат бөлініп, түрлі жобалар қолға алынса да ана тіліміз салтанат құрған күнге қол жеткізе алмай отырғанымыз шындық.***

Бүгінгі таңда тілдің дамуына кедергі келтіретін бірден бір себеп, әлеуметтік желінің жастар арасында кең етек алуы. Қазір азаматтарымыз кітап былай тұрсын, газет-журналдардың бетін ашпайды. Таңнан-кешке дейін қолындағы смартфонға үңіліп отырғаны. Сол арқылы бір-бірімен «шалақазақша» сөйлесіп, тіпті, кейбірі тілді шұбарлауды сәнге айналдырып алғандай. Жақында осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған шығарманы көзім шалды.

«Осындай физически де, моральни де қалжыраған қалшақ әскері, тәртіпті, қарулы қызыл әскер түгіл, партизан отрядының өзіне де үлкен қару көрсете алмады. Партизандар соғысында ерекше көзге түскен дружинаның біреуі Асандікі... Қарулы адамдарды көргесін беженцылардың керуеніндегі екі грузовик мылтық атқанға қарамай қаша жөнелді. Грузовиктегі қашқындар ешқайда бара алмайтынына күмән келтірмеген Асан, ат жеккен арбаларды тоқтатып, тексерсе – беженцылардың көбі орыс пен татарлар екен, ішінде төрт-бес қазақ семьясы да бар». Бұл – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәбит Мұқановтың 1938 жылы жазылған «Жұмбақ жалау» романынан үзінді. Бұл кезең мен қазіргі уақыттағы жағдайды мүлдем салыстыруға келмейді. Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған заманда осылай тілді шұбарлап немесе орыс тілінде сөйлесе де, ақын-жазушыларымыз қазақ халқының әдебиетін биікке көтерді. Қазақ тілінің сойылын соқты. Амалын тауып, ана тіліміздегі оқулықтарды жарыққа шығарды. Бүгінгі таңда арыстардың аманатына қиянат жасап жүргендейміз. Тілді шұбарлау сәнге айналғаны соншалық, заманауи тілмен айтқанда «хит» әндердің басым көпшілігі «шалақазақша». Жастардың сүйіктісіне айналған Райм және Артурдың әндерінің барлығы осы сарында. Оған қоса, жарқ етіп шыққан «жарық жұлдыздар» әндерінің сөзін өздері жазатын көрінеді. Хакім Абай айтып кеткен есер әннің не мәні, не мағынасы жоқ.

«Сені мен көрген сайын,
Как будто тебя знаю.
Жақындап танысам десем,
Орысша ой не знаю.
Ай дауысың сенің,
Ай қимылың сенің.
Майысқан шыбық белің,
Общем кайф әрбір жерің.
Әдемісің до того,
Көзім тоймайды.
Кім болса да все равно,
Сендей болмайды.
Моя малышка, твоя улыбка,
Ең әдемі, самая вышка» – деген хитпен танылған қос қаракөз бүгінде «шалақазақша» бірнеше ән жазып, жастардың құлақ құрышын қандырып жүр. Ел ертеңінің иесі болатын азаматтарымыздың құлақтан кіріп, бойын алған соңғы әндерінің біріне үңіліп көрейік.

«Сен кейін мені зерттейсің,
Алдымен,
Көтеріліп келіп сені иіскесем
Болдым мен.
Су керек болып шөлдеймін
Сол кезде,
Білесің менің не ішкенімді.
Неше киімiңді лақтырдым жерге,
Менің ұр, соқ, терге.
Жабысып бір-бірімізге,
Жаным, терлеп.
Мүмкін емес сезу,
Бір сезгеніңді мүмкін емес тозу.
Бір төзгеніңді мүмкін емес ойға түю,
Бұйырғаны, от боп қую.
Қандай бақыт сені сүю». Бұл – тек бір шумағы мен қайырмасы ғана. Дәл осындай қаншама әндер бүгінгі ұрпақтың санасын улап, тілін шұбарлауда. Қазақ тіліндегі қазіргідей қиын жағдайды қазақ тілінің жанашыры, біртуар батыр Бауыржан Момышұлы осыдан 80 жыл бұрын болжап кеткендей. Дәлірек айтсақ даңқты қолбасшы 1944 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа хат жазып, ана тіліміздің бүгінгі күйін сипаттап бергендей. Сол кездегі қазақ тілінің аянышты жайкүйін сипаттаған Бауыржан Момышұлы: «...Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткен, ана тiліне көңіл бөлмей, оны әліне қарамай менсінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шалдыр-батпаққа бөленіп жүрген, келбетсіз тіл азғыны масқараларды Алматының жауапты деген қазақ қызметкерлерінің арасынан да кездестіруге болады.

Ауырып жатқанда бір халық комиссарының орынбасары Мәнсейітов деген кісіге:

– *Халіңіз қалай?* – дегенімде.

– *Дұрыс, самочувствием, общие состоянием не плохо,* – деп жауап берді.

Бір артист:

– *Сіз пошему кешегі бешірге не приходылы,* – деді.

Бір жазушы:

– *Мен сізге звонит еткен едім, но почему, то Вас не оказалась в кабинет,* – деді.

Бір газет қызметкері:

– *Сіздің статьяңызды просмотрет етіп болған соң маленки ғана редакционная изменение жасап, печатет етеміз,* – деді телефонмен.

Бір ана тілінің мұғалимасы қоштасып тұрып:

– *Оған (күйеуіне) обьязательно пламенный привет передайть етіңіз,* – деді.

Радионың бір қызметкер әйелі:

– *Передаче береміз... сіздің тыңдағандарыңыз Б-ның выступлениесі...* – деген сияқтыларды күнде қаңқылдайтынын өзіңіз де естіп жүрген шығарсыз.

Бір үй тіршілігіндегі әйел:

– *Мен ошен удивляется етем, менің дошкам өте странно бидет,* – деді.

Жаңадан тілі шығып келе жатқан бір бала:

– Мама я кошу хлеб масю, – деп жылады...» – деп Баукеңнің қан майданда қан кешіп жүріп, қазақ тілінің аянышты күйде екендігін тізіп жазған хаттан қазіргі заманның бет-бейнесін көруге болады. Тіпті, бүгінгі күннің қаракөздерін сипаттап тұрғандай.

Хош, әннің сөзін түзеу қарапайым халық пен тіл жанашырларының қолында емес. Жоғары жақтан нұсқау болмаса, қолдан келер қайран жоқ. Алайда, әнді сұрыптап тыңдайтын, қазақтілді азаматтарымыздың қытығына тиіп жүрген – көше бойына ілінген жарнамадағы қателер. Тіл жанашырлары нақты заң қабылданбай, жарнамадағы тіліміздің күйі оңалмайтындығын айтып дабыл қағуда. Рас, көшеге шыға қалсаң, жарымжан жарнамалардан көз сүрінеді. Қазақша жазылған жарнамалардың барлығында дерлік қате бар. Бұл – заңның осалдығын көрсетеді. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен газет редакциясы осы күнге дейін бірнеше рет рейд жасап, жарнама иелеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Алайда, нәтиже шамалы. Бірді-екілі кәсіпкер жіберген қателерін түзеді. Қалғандары, баяғы жар тас, сол жартастың күйін кешуде. Оған қоса, шағын және орта кәсіпкерлік дамыған заманда күн сайын құжынаған жарнамаларды түзетуге екі адамның әлі келмесі айдан анық. Бұл тұста, жарнамаға тапсырыс беруші кәсіпкерлер жарнама мәтінін жоғарыда аталған бөлімнің мамандарына тексертіп, рұқсатын алуды заңмен бекіту керек. Әйтпеген күнде әлі талай уақыт «дукеннен» «азык-тулык» сатып салып жүре береріміз хақ.

«Әрбір 14 күн сайын әлемде екі тіл түбегейлі жойылып отырады» – дейді америкалық лингвист ғалым Дэвид Харрисон. Оның айтуынша, қазіргі таңда әлемде жеті мыңға жуық тіл бар. Соның ішіндегі көп таралған 83 түрлі тілдің 80 пайызын адамзат қолданады екен. Ғалымның зерттеулері бойынша, әлемдегі жеті мың тілдің жартысынан астамы қағаз бетіне түсірілмеген және сол тілдердің соңғы насихаттаушысы кеткен сәтте тіл де жойылады. Осы орайда ресейлік тіл жанашыры Артюнов: «Әр жыл сайын әлемде 15-20 тіл құрдымға ұшырайды. Егер жыл сайын осынша тілден айырылсақ, бір ғасыр көлемінде 2000 тілден айырыламыз, бұл дегеніңіз тілдің ғана емес, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, сананың да жойылуы емес пе?! Менің зерттеулерім бойынша Ресейдің өзінде әр жыл сайын бір тіл жойылып отырады» – дейді. Демек, біз де тіліміздің ертеңіне бей-жай қарайтын болсақ, салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымыздың келешек ұрпаққа жететініне кім кепіл? «Ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» – дейді Ғабит Мүсірепов. Сондықтан болашаққа қазақ тілін ту етіп тапсыруға тырысайық. Тіл тәуелсіздігі – ой тәуелсіздігінің, ел тәуелсіздігінің бастау бұлағы екендігін есте ұстайық, құрметті оқырман.

*Сардарбек НҰРАДИН.*

Мерейтой

# Өлеңмен өрілген өмір

Бұрынғы КСРО, қазіргі Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, ақын Жамшит Розахунов биыл 70 жасқа толды. Байсейіттік жерлес ақынның аталмыш мерейжасына орай Шелек модельді ауылдық кітапханасында кітапханашы Артыққұл Адамбекованың ұйымдастыруымен жастарға патриоттық рух беріп, адамгершілік қасиеттерге баулу, отансүйгіштік, сүйіспеншілік сезімін ояту мақсатында «Туған жерге туыңды тік» акциясы аясында мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. «Халқы үшін туған жан» атты бұл шығармашылық басқосуға жергілікті ақын, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Анарбек Бердібаев пен «Еңбекшіқазақ» аудандық газетінің Шелек өңіріндегі тілшісі Нұрсерік Тілеуқабыл шақырылды.

Жамшит Розхунов Кубань Ауылшаруашылық институтын, кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік педагогикалық университетін бітірeді. Қазақстан ЛКЖО Шелек аудандық комитетінің екінші, содан бірінші хатшысы болып қызмет етті. Алматы жоғарғы партия мектебін оқып бітіргеннен соң, Шелек аудандық партия комитетінің ауылшаруашылығы бойынша бөлім меңгерушісі, екінші хатшы, «Бартоғай» кеңшарының директоры, Ұйғыр аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Алматы облыстық жан-жануарларды қорғау инспекциясының инспекторы болып қызметтер атқарса, зейнетке шыққанға дейін «ӘМӘТ» шаруа қожалығын басқарды. Осындай лауазымды жұмыстарды атқара жүріп, өлең жазумен де айналысты. Мәскеудегі «Советский писатель» баспасынан «Ветви Чинара», «Священный край» ұжымдық жинақтарда өлеңдері жарияланды. Сонымен қатар, Алматыда «Жазушы» баспасынан «Бәйшешек», «Бір уыс топырақ», «Жылдар жыры», «Менің дутарым», «Жолдар бітпейді», «Ой тамшылары», «Аққуар қайтқанда» атты жыр жинақтары жарық көрді. Жергілікті қаламгер Анарбек Бердібаев ақынның қазақ тіліне аударған өлеңдерін де оқушылар мәнерлеп оқыды.

Ақынның «Өткен күн» өлеңінде:

«Ұялып әзер шыққан күн,
Қызарып және батады.
Қараңғы түнек басқан түн,
Көңілді ойға таттады.
Тірлікке толы әр күнім,
Өтті ме, әлде, құр босқа?
Өткен күн жазған - бар жырым,
Ашылған гүлім сыр – бақта.
Бітірген ісім қаншалық?
Көтерген жүгім ауыр ма?
Жыр – гүлім тұрса жайқалып,
Нәр алар жүрек – тамырдан.
Өткен күн – тағдыр көп көрген.
Маржан сөз жырдан тергенім.
Жемісім – өмір өткерген,
Рухани байлық сенгенім.
Мейлі ол шықсын көңілден,
Болмасын мейлі күткендей.
Сезінбен қысқа өмірден,
Бір күнім бекер өткендей» – дейді.

Енді, төрттаған шумақтарын оқып көрелік:

«Міндетсіп берген тағамнан,
Құрметпен берген ас артық.
Ақылсыз егде адамнан,
Саналы өскен жас артық»
Немесе:
Досына қолұшын бермегеннің,
Пайдасы елге тиер деймісің.
Игілік жолмен жүрмегеннің,
Өзгеге жаны күйер деймісің.

Ақынның поэзиясы жан-жақты баллада, поэма, сонет, рубаий, монолог, диалог түріндегі жанрларда туған жер, ел, Отан, достық, табиғат, махаббат, өмір, заман жайлы ой толғайды.

Кеш соңында Ж.Розахунов сөз сөйлеп, кітапханашыларға алғысын айтып, оқушыларға үлкен азамат болып, бақытты ғұмыр кешулерін тілеп, батасын берді. Өлеңдерін оқып, өмірі жайлы әңгімелеп берді.

*Анарбек МӨКІШҰЛЫ,*
*ардагер журналист.*

Ақпараттар ағыны

# Мемлекеттік бағдарламалар түсіндірілді

***Мемлекеттік бағдарламаларды ауыл жастарының арасында түсіндіру және насихаттау мақсатында Қырбалтабай ауылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің мәжіліс залында жастармен кездесу өткізілді.***

Шараны аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Айбек Ілебаев жүргізді. Оған аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының менеджер-кеңесшісі Тимур Бөлекбаев, халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Гүлім Бибакирова және аталған орталықтың маманы Ұлжан Сатан арнайы шақыртылған болатын.

Жастар үшін маңыздылығы зор іс-шараға қатысқан қонақтар сөз алып, өздерінің қызметтік бағыттары бойынша баяндама жасап, жастармен ашық, еркін форматта пікір алмасу өткізді. Сонымен қатар, жиында Айбек Қасымханұлы қатысушы жұмыссыз жастар мен мектеп оқушыларына «Жас проект» жобасы туралы толықтай түсінік берді. Жиналған жастар тарапынан арнайы қонақтарға сауалдар қойылып, жауаптарын алды.

*Айжан ӘБІТ,*
*жастар ресурстық орталығының маманы.*

# Өнерлі жастар сайысы



***Бөлек ауылдық округі әкімі аппаратының қолдауымен Аймен орта мектеп ұжымының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысы жеңісінің 75 жылдығына арналған өңірлік «Патриоттық әндер-2020» байқауы өтті.***

Ұлы Отан соғысындағы ата-бабамыздың қан мен терімен бізге сыйлаған жеңісінің маңыздылығын жастарға жеткізу, насихаттау мақсатында ұйымдастырылған байқау жоғары деңгейде өткізіліп, көпшіліктің көңілінен шықты.

Сайыс нәтижесінде жүлделі III орынды Рахат орта мектебінен Әмина Отынчи иеленді. II орын Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп оқушысы Алина Акимоваға бұйырды. В.Терешкова атындағы орта мектебінен келген Айбар Амиреев өзгелерден оқ бойы озық шығып, I орынға жайғасты. Барлық қатысушылар алғыс хатпен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

*А.МАҒЖАН,*
*Бөлек ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы.*




***Облыс аумағына коронавирустық инфекцияның әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Алматы облысы азаматтарының өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғау туралы» ҚР Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығына сәйкес қаулы қабылданды.***

# Шектеу шаралары күшеймек

Бұдан әрі аудан, қала әкімдері, полиция департаменті және өзге де қызметтер өңірде сондай-ақ, ішінде Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарымен шекаралас жерлерде қосымша санитарлық бекеттерді орналастыруы тиіс. Карантин уақыты аяқталғанша Алматы облысының аумағы бойынша, оның ішінде Алматы қаласының карантиндік аймағынан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарымен шекарада жеке көлік құралдарының және адамдардың қозғалысын шектеуге құзырлы.

Қаулыға сәйкес, сауда үйлерінің, бизнес-орталықтардың, интернет және компьютерлік клубтардың, ойын-сауық мекемелерінің, базарлардың, жәрмеңкелердің, көше саудасының жұмысына тыйым салынып, меншік түріне қарамастан балабақшалар қызметін тоқтатуға, полиция постын орнатумен халық көп жиналатын орындарға (саябақтар, жағалау, спорт алаңдары, ойын алаңдары) баруға шектеу қоятын болады. Бұл қатарда діни нысандар да бар. Елдегі ахуалға байланысты облыста азық-түлік дүкендері мен дәріханалардың жұмыс уақыты 8-00-ден 20-00-ге дейін болады. Екінші деңгейлі банктері, почта байланысы, жеке нотариустардың қызмет көрсету белдеуі сағат 10-00-ден 16-00 аралығында болады.

Қаулыда карттарға да көңіл бөлінген. Онда 65 жастан асқан азаматтардың көшеде жүруіне шектеу қойылып, тамақпен және дәрі-дәрмектермен жеткізу қызметі арқылы қамтамасыз ету қарастырылған.

Сақтық шараларын сақтауды алдыңғы орынға қойған биіктеглер бұдан былай тұрғындардың қоғамдық ортада жүруіне, үйге қонақ шақырып, отбасылық мерекелерді тойлауға шектеу енгізен. Басты талап – қоғамдық орындарда бетпердесіз жүруге болмайды.

Ендігіде медицина қызметкерлерінің пациенттермен және коронавирустық инфекциясын жұқтырды деген күдікке ілінген азаматтармен қауіпсіз байланыс орнатуы керек. Сондай-ақ, медициналық қызметкерлердің денсаулығын сақтау және халықпен байланысты алдын алу мақсатында, қызметкерлерді күнделікті дезинфекциялаумен арнайы көліктермен тасымалдау ұйымдастырылады.

Қаулыда шағын және орта бизнес субъектілері, өндірістік кәсіпорындар (қызмет көрсету станциялары, машина жуу, сұлулық салоны және т.б.) тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектерді, жеке қорғаныс құралдарын, дезинфекциялық заттарды өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда, қашықтықтан жұмыс режимін қамтамасыз етуі де назардан тыс қалмады.

Ескертетін жайт, осы және өзге талаптарды орындамаған немесе бұзған жағдайда Полиция департаменті және аудандық, қалалық тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау бөлімі Қазақстан Республикасының төтенше жағдай туралы заңнамасына сәйкес жедел шаралар қабылдауға құқылы.

Аталған қаулы 1 сәуірден күшіне енді.

***Анар САБЫРОВА.***

# Індеттің ілмегіне іліккендер саны артуда

***Планетамызды жайлаған пандемия кең байтақ өлкемізді қиыр шетіне де жетіп үлгерген. Өкінішті, олардың қатарына іргелі Жетісу өңірі де қосылды. Ең алғашқы факт Сауд Арабиясынан елге оралған азаматтан табылған болатын. Қазіргі кезде науқастың жағдайы біршалыпты. Оның тарапынан денсаулығына қатысты ешқандай шағым жоқ дейді жауапты маманадар. Алдағы күндері қайта сынама алынбақ. Егер зерттеу нәтижесі вирустың жоқ екенін дәлелдесе, онда науқас ауруханадан шығарылады.***

Кезекті мәрте індет 20 наурызда тіркелді. Дәл осы күні облыс бойынша инфекция жұқтырған үш азамат анықталған. Үшеуіде Нұр-Сұлтан қаласынан келген әуе кемесінде болған. Олар Іле ауданындағы провизорлық бөлімінде жатқызылып, кейіннен талдау жасалған.

Вирусты жұқтырғандардың бірі 1957 жылғы әйел адам. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ербозымұлының айтуынша, қазір жағдайы жақсы, ем шараларының бәрі толығымен орындалып жатыр.

Келесі кеселдің кесапатын тартқан жан 1995 жылы туылған аяғы ауыр келіншек, жүктілік мерзімі 20-21 апта шамасында. Ол 1991 жылғы жолдасымен бірге25 наурыз күні Нью-Йорк қаласынан Ресей арқылы елге оралған. Бастапқыда екеуіде үй карантиніне жабылған. Кейін ер адам құрғақ жөтел пайда болуына байланысты медицина мамандарына шағымын жеткізген. Сол үшін оны провизорлық бөлімге жатқызған. Бір отбасы болғандықтан екеуіде барлық тексерістен өткеннен соң ер адамнан вирус табылмағаны анықталған.

Коронавирус келесі кезекте Жамбыл ауданының тұрғыны 1997 жылғы қыздан табылды. Ол Оңтүстік Кореядан келген. Елге оралғаннан кейін оған сараптама жасаған, талдау нәтижелері өкінішке қарай вирустің бар екенін көрсеткен.Қазір науқас инфекциялық ауруханада сәйкесінше ем қабылдап жатыр.

29 наурызда Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарында эпидемия етегіне жармасқан екі адам анықталды. Бірі 1979 жылғы Қарасай ауданының тұрғыны. Жолдасы Санк-Петербургтан оралған. Алғашқыда тұтас отбасын карантинге жапқан. Кейін жанұя мүшелерінің біріне дене қызуы көтерілуіне байланысты жедел-жәрдем қызметінің мамандарына қоңырау түскен. Тәртіп бойынша науқасты оқшаулап, отбасы мүшелерінен вирусты анықтау мақсатында сынама алынған. Сараптама қорытындысы әйел адамның бойында аты жаман аурудың бар екенін растаған. Ал, әке мен бала кеселден дін аман болып шыққан.

Тағы да тіркелген жағдай той тойлаудың кесірінен болып отыр. Науқас Өзбекстан Республикасына қонаққа барған. Көршілес мемлекетке барғандар саны 14 адамды құраған. Олардың Алматы облысына бет алғандығы туралы Түркістан облысының жауапты мекемелері арқылы білген. Өңірге келген барлық 14 адамнан талдау алынған. Нәтиже бойынша олардың ішінде біреуінің вирус жұқтырғаны мәлім болды.

Кезекті тіркелген науқас 1952 жылы өмірге келген Жамбыл ауданының тұрғыны. Белгілі болғандай ол 17 наурызда Алматы қаласындағы жеке емханада емделген.

Ауданға оралғаннан соң жағдайының нашарлауына байланысты жергілікті медициналық мекемеге қаралған. Ережеге сәйкес, денсаулығына шағымданған жанды оқшаулап, тексерген. Өкінішті, тексеріс оң көрсеткіш көрсеткен. Барша вирус анықталған адамдармен байланыс орнатқан жандарда тексерістен өткізілген. Бақыттарына қарай олардың ағзаларынан індеттің ізі табылмаған.

Қазіргі таңда Алматы облысы бойынша шетелден келген 623 адам оқшауланған. Оның ішінде, 163-і стационарда, 460-ы үй карантинінде жатыр. 360 адамның лабораториялық тексерісінің нәтижесінде 8 адамның ауру жұқтырғаны анықталды. Олармен қатынаста болған 65 адам оқшауланып, лабораториялық талдау жүргізілуде.

***Анар САБЫРОВА.***

Төтенше жағдай

# Жолдасымыз сабыр, серігіміз сенім болсын!

**Болатжан НҰРБЕКОВ, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының депутаты, кәсіпкер:**



Адам өмірінде жоспарламаған, ойламаған жайттар көп туылып тұрады. Оны қысқаша тағдыр дейміз. Ал тағдырдың алдында пенденің бәрі дәрменсіз. Мұндағы дәрменсіздік әлсіздіктен немесе рухани жұтаңдықтан болмайтыны анық. Мықты адамдар өз тағдырына өзгерту енгізген. Дегенмен оған ешкім қожа бола алған жоқ. Мұны кейінгі кездегі басымызға түскен жағдайлардан кейін жақсы түсіндік. Коронавирус шыққанннан бері барлық әлем сергелдеңге түсіп, қолынан келгенше оған қарсыласып жатыр. Дегенмен ол да оңайлыққа берілер емес. Бұл індет бүкіл әлемді шарпып, оның ұшқыны біздің елге де келіп жетті. Бес мың жылдық тарихымыз бар деп мақтанатын Қытайда, тарихы одан да әрі жатқан Иран да, «Мәңгілік империя» атанған Римнің мұрагері әрі «Үлкен жетіліктің» бірі Италия мен Еуропаның алпауыт елдері де коронавирустың алдында күшінен айырылып, жапа шегуде. Бұл індеттің алдында адамның байлығы, мәнсабы, танымалдылығы бәрі бекер екенін көрдік. Сондықтан бұл тығырықтан шығатын тек екі ғана жол бар. оның бірі – айнымас сенім болса, екіншісі – сарқылмас сабыр. Осы індетті алдын алу үшін үйден шықпай, тек сабыр сақтауымыз керек. Дана халқымыз «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деп тегін айтпаса керек. Сондықтан сабырсыздыың ұятымызға дақ түсіріп, өмірімізге қауіп төндірмей, сабырлымыздың арқасында мұратымызға жеткеніміз абзал болмақ.

**Гүлнар ҚҰРАМЕТОВА, Шелек аудандық ауруханасының бас дәрігері:**



Маман ретінде айтарым коронавирус өте қауіпті дерт. Соңғы жағдайлардан кейін мұны барлығымыз жақсы түсіндік. Ғалымдар оған жаңа коронавирус деген анықтама беріп отыр. Бұл – латынның crowns (тәж) немесе halos (шеңбер) деген сөздерінен пайда болған атау. Өйткені, коронавирус микроскоппен қарағанда, осы екеуінің қосындысын еске түсіреді. Бұл вирустар тобына адамға зиянын тигізетін бірнеше түр кіреді. Олардың бірі тұмауға шалдықтырса, өзгелері жарқанаттар мен түйелерден және жануарлардан кездесіп, бүгінде ғылымда SARS (Ауыр әрі өткір респираторлық синдром) және MERS (Таяу Шығыс респираторлық синдромы) деген акронимемен белгілі болып отыр.

Бұл вирусқа тән симптомдар – тұмаурату, бас ауруы, жөтел және дененің қалшылдауы. Сонымен қатар, коронавирустың едәуір қауіпті түрін жұқтырғандар демігеді, қалтырайды, ал ауруы асқынған жағдайда пациенттер пневмонияға шалдығуы мүмкін.

Ғалымдардың сөзінше, жаңа вирус науқас адаммен жақын қарым-қатынас жасап, онымен тығыз байланыста болған сайын жұғу көрсеткіші де жоғарылай бермек.Қазір жұмбақ вирусты анықтап, оның емін табу жолында сынақтар жүргізіліп жатыр.

Сондықтан мейілінше үйден шықпай, адамдар көп жиналар жерге бармай, карантинның талаптарын қатаң сақтаған дұрыс. Сонда ғана бұл індетті жеңу барынша жеңілдей түседі әрі бізге түсетін салмақ та азаяды. Бүгінде аталған індетке қарсы басты препарат сіздердің сабырларыңыз бен сенімдеріңіз.

**Ардақ ҚЫРЫҚБАЙ, Шелек №1 орта мектебінің директоры:**



Адамның өмірі тек қуаныш пен шаттықтан құралмаған. Арасында түрлі сынақтар мен қиншылықтардан да өтуі керек. Өмір сонысымен қызық. Біз де бұл індетті сынақ ретінде қабылдауымыз шарт. Тарихқа көз салсақ небір кереметтерді адамдар қиын сынаққа түсіп, тығырыққа тірелгенде іске асырған. Мәселен, кезінде Еуропада жаппай оба таралып, елдің бәрі біз секілді үйден шықпай жатқан кез болған. Сол кезде әйгілі ғалым И.Ньютонға да үйде тыныш отыруына тура келген. Ал бізге физикадан белгілі заңдарын осы кезде ашқан. Дәл осындай жағдайлармен көп уақытын үйде өткізген А.С.Пушкин өзінің атақты «Евгений Онегин» шығармасын жазған. Әрине, бұл карантин жақсы нәрсе дегенім емес. Бұл қадамға мемлекет амалсыздан барып отыр. Барлығы халықтың қамы екені айтпаса да түсінікті. Тек осы бос уақытымызда сабыр сақтап, өзімізді жетілдіруге тырысуымыз керек. Бүгінде мектептерде сабақ жүргізілмейді. Бірақ білім беру процесі тоқтап қалған жоқ. Қазір білім ордалары қашықтықтан оқытуға көшті. Олардың ішінде да біз де бармыз. Қазіргі уақытта аудандық білім бөлімі қызметкерлері де бізге өте үлкен қамқорлық көрсетіп жатыр. Әр мектепке, әсіресе, аз қамтылған отбасыларға барынша қолдау көрсетіп, көмектерін аяған жоқ.

Коронавирус бүкіл әлемге әсер етіп жатыр. Әсіресе, экономикаға тигізген зардабы орасан. Дегенмен мұның бәрі уақытша құбылыс екені анық. Бойымызда сенім мен сабыр болса бұл қиын сынақтан да аман өтеріміз хақ. «Сабыр түбі – сары алтын» деп атараларымыз да бекер айтпаған. Ғұлама ақынымыз Шәкерім Құдайбердіұлы:

«Сабыр деген әр іске шыдамдылық,

Қатты керек адамға бұл бір қылық.

Қолы жетпей талай жан ызданады,

Осыдан көп шығады адамшылық», – дегениндей жолдасымыз сабыр, серігіміз сенім болғай!

**Есенғали ЕСЕНХАНОВ. Шелек ауылдық округінің әкімі:**



Сабыр сақтау – саналы адамның парызы. Бүгінгі әлемді шарпыған алапат індет ірегімізде тұрғанда бұл сөздің маңыздылығын ескермеске болмайды. Карантин қамау үшін емес, қорғау үшін жасалады. Сондықтан карантин талаптарын орындағанда ғана өзіңді аман сақтайсың. Сосын жақындарыңды, отбасыңды, туыстарыңды, ауылыңды, еліңді, мемлекетіңді қауіпте қалдырмайсың. Бұл – үлкен жауапкершілік. Ал жауапкершілікті ұмытып, сабыр сақтамасақ өзге түгіл өзіңді де ажал апанына жақындата түсесің. Бүгінде мемлекет індетті жеңудің барлық шараларын жасауда. Ол үшін қолдан келген нәрсенің ешқайсынан аянып қалмайды. Карантинге байланысты табысынан айрылғандарға тиісті жәрдемақы беру де көзделген. «Көп түкірсе көл» Біз де бұл індетті көп болып жеңеміз.

Ендеше, осы елдің азаматы ретінде елімізге келген ауыр сынақты еңсеруге демеу болайық.

**Елшат ТОҚТАРБЕКҰЛЫ, Шелек ауылының тұрғыны:**

Ардақты пайғамбарымыздың: «Егер сіз қандай да бір жерде оба пайда болғанын естісеңіз, ол жерге бармаңыз және егер оба сіз тұрған жерге жетсе, онда ол жерден кетіп қалмаңыз», – деген хадисі бар. Демек карантинды ғылым да, дін да қолдайды деген сөз. Бүгінде коронавирусқа байланысты барлығымыз отбасымызбен үйде жатырмыз. Әрине, үйде қозғалмай жату өте қиын. Адам болған соң ары-бері жүргің келетіні де рас. Бірақ сабыр сақтауға міндеттіміз әрі көп болып бұл індетті жеңетінімізге сенеміз. «У ішсең руыңмен» дейтін қазақпыз ғой. Сондықтан «Көппен көрген ұлы той» деп



барынша байсалды болуға тырысудамыз. Әрине, қиыншылық тек қазақтың басына ғана келген жоқ. Барша әлемнің аяғынан шалуда. Бұйыртса бұл қиыншылық та артта қалып, тарихқа айналары хақ. Бастысы мемлекетіміз мәңгі, халқымыз аман болсын!




# Ұлы Абайдың еліне тағзым

***Семей өңірі – ұлылар мекені дегенде, ойыңа бірден Абай, Шәкәрім, М.Әуезовтің кіндік қандары тамған жері, қасиетті "Жидебай" оралады. Өткен ғасырдың 70 жылдарында Семей өңірінде әскери қызметте комсомол жұмысына байланысты 3 аудан аймағында орналасқан әскери бөлімдерді аралап, сол кездегі елдімекендердегі қызу еңбекті көзбен көрген адамға арада 40 жыл уақыт салып бүгінгі тіршілікті көргендегі көңіл-күй адам айтқысыз. Атамыз қазақ «50 жылда ел жаңа» деп бекерге айтпаған екен. Семейде «Полковничий» аралында ядролық полигон құрбандарына арналған «өлімнен де күшті» ескерткішті, орталық саябақта Жеңіс мемориалды, жапондық Исакавадзима Харима жобасымен Ертіс өзені арқылы өтетін аспалы көпірді, Абайдың, Достоевскийдің мұражай үйі ғимараты, бекіністің 3 қақпасынан сақталған батыс Ямыш қақпасын, бір мұнаралы мешіт, Әнет баба қос мұнаралы тас мешітін т.б. жерлерді тамашаладық.***

Келесі күні таңертең Абай ауданы Қарауылға жол тарттық. Жолсерігіміз – Аягөз ауданының тумасы, еліміздің оқу-ағарту ісінің үздігі, ауданның оқу бөлімін, 40 жыл Ақшәйләу орта мектебін басқарған Қалибек Нұрұлы.

Арқалық тауы етегіндегі Күшікбай асуы, Семей-Қарауыл тасжолының 54-ші шақырымындағы Күшікбай бұлағына аялдадық. Бұлақтың қасиеттілігі – қыста қатпайды, жазда жылымайды, әркез бір қалыпта болады. Ішсең, сарайыңды қандыратын осынау мөлдір бұлақ елі мен жерін жаудан қорғап, 21 жаста мерт болған, 18 ғасырда өмір сүрген уақтың батырына осы жердегі төбеге батыр мен Ғазизаға арнайы ескерткіш қойылған. М.Әуезов «Қорғансыздың күні» әңгімесінде: «Күшікбай 5-6 ауылдың атасы. Өзі батыр болған. Дәл қара жолдың аузында, Арқалықтың бір кішілеу биігі басында моласы бар. Кезең де соның атымен аталған» – деп жазған. Қасиетті бұлақ маңында, жолдың арғы бетіндегі төбеге жерленген оның рухына тізе бүгіп, зиярат ете келе, Шыңғыстау сырының құпиясын ашар кілт іспетті Күшікбай батырға қойылған белгі – жалпы қазақ батырларына көрсетілген құрмет деген ойға келдім. Алыстан көз тартатын батырдың дулығасы пішіндес монумент маңдайшасындағы қазақтың домбырасы мен еркіндікке ұмтылған аққудың өзіндік айтар сыры бар. Дулығадан кейінірек қойылған белгітастың оң қапталына найзасы мен қалқаны

Жидебай жолында «Еңлік-Кебек» – махаббат символына айналған қос ғашықтың кесенесіне баратын жолға асфальт төселіп, маңайы абаттанған.

Келесі тоқтаған жеріміз – Әуезовтың туған ауылы. Бөрілідегі мұражайға айналған бұл шаңырақта Мұханның балалық, жастық дәурені өткен, осы үйге атасы айттырған алғашқы жары Райханды түсіріп, Мұғамила, Шоқан есімді балаларын сүйген. Жазушының «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-Тоқал», «Сыбанның моласында» сияқты тұңғыш шығармалары да осы шаңырақта жазылған. Әкесі Омархан мен шешесі Нұржамал, әжесі Дінасыл, ағасы



Жидебайдағы Абай-Шәкірім мемориалдық кешені

Қасымбектердің бейіттері де үйдің іргесінде екен. Бұл үйде ұлы жазушының бар мұрасы құнды дүниелер жетерлік. Мұхтар Омарханұлы пайдаланған заттар, үй жабдықтары, жазушының кітаптары мен қолжазбалары, ескі фотосуреттері бар. Жазушының қара костюмі де осында тұр. Ал ерекше есте қалғаны ет сақтайтын шошаласы болды. Мұндай тоңазытқыш бөлмені кейін Абай үйінде де көрдік. Қазақ етті сақтаудың түрлі жолын білген ғой. Арнайы бір бөлмені жаздың аптабында ешбір сыртқы энергиясыз сапсалқын етіп ұстаған.

Семей Қарауыл тас жолының оң жағында Ханшыңғыс жотасының етегінде Ащысуға құятын Қасқабұлақ өзені бойында, Шолақтерек көлдеріне таяу тұста, құрғақ дала белдеміндегі Қасқабұлақ ауылын да басып өттік.

Сол күні түске таман Абай тұрған киелі қара шаңыраққа ат басын тіредік. Есік ыңырана ашылып, аулаға қадам бастық. Сол жақтағы қанатта бір пәуеске және бір жұмысшы арбасы тұр. Заманында Семей мен Жидебайдың арасында талай шапқылап, қаладағы кітапханадан том-том кітаптарды тасыған пауеске. Қыр қазағының бар жұмысын тындырған еңбекқор атарба. Абай мінуі мүмкін деген көліктен қалғаны осылар ғана.



Абайдың Жидебайдағы үйі

Жидебайда асханаға кіріп тамақтандық. Абайдың Жидебайдағы қорық-мұражайы үй-дәлізден, асүйден, қонақжайдан, Абайдың жұмыс бөлмесінен, Ділдәнің, Әйгерім мен Еркежанның отауынан, соғым сүрлейтін шошаладан, лапастан, екі себеттен тұрады. Әр бөлмеге Абайдың өзі Семей өлкетану мұражайына өткізген экспонаттармен қоса, сол үйге тікелей қатысты заттар орналасқан. Ақынның көзі тірісіндегі жиһаз-мүліктер, Ділдә мен Еркежанның жасаулары, саят құралдары, жиған кітаптары, тоғызқұмалақ тақтасы, ақынның қойын сағаты мен тісқабы, жазу үстелі мен орындықтары, ат әбзелдері, сондай-ақ өзге де тұрмыстық-этнографиялық мемориалдық мұралар қойылған. Жидебайдың айналасындағы Абайға тиесілі 6400 га жер қорық ретінде мемлекеттік қорғауға алынған. Қорықтың аймағында Зере, Ұлжан, Құдайберді, Ғабитхан кесенесі, Абай мен Шәкәрімнің ғимарат-кешені, Кеңгірбай бидің мазары, Оспан көлі, Мұқсақұл төбесі, Тұрағұл қыстауы, Тәкежанның қоныстары орын тепкен. Одан бері- ректе Тобықтының талай баласының сауатын ашқан атақты Ғабитхан молда мен Оспанның малшысы болған Шәукенбай жерленіпті. Мәлімет алған соң үйге кірдік.

Сол жақ қабырғаға Өскенбайдан Абай балаларына дейінгі шежіре ілінген. Бірінші есіктің табалдырығын аттай бере, ас бөлмеге тап болдық. Мұнда сол замандағы жаңа үлгідегі пештер, күтушілердің құрал-жабдықтары, сыры кетпеген ыдыс-аяқтар көз жауын алады. Одан әрі қонақ бөлмесі, жатын бөлме, Абайдың жұмыс бөлмесі. Ділдә мен Әйгерімнің, Еркежанның отаулары, тағы басқа бір-бірімен жалғасқан әрқайсысы жеке бір тарих болатын жәдігер толы бөлмелер. Жүкаяқтар, сандықтар, тіпті, сол заманның айнасы да тұр. Пәкизаттың құндыз бөркі мен Еркежанның орамалы да осында. Баршамызды таңғалдырған ұлы ақынның қаптама тісі болды. Абайдың өзі ауылға келген шеркес ұстасына арнайы жасатқан Әйгерімнің күміс ертоқымы, саят құралдары, басқа да тұрмыстық мұралар еріксіз көз тартады.

Ақынның 1903 жылы әйелі Еркежан, ұлы Мағауия, немере келіні Кәмәлия, Ақылбайдан туған Пәкизатпен бірге түскен суреті де сақталған. Бұл - Абайдан қалған екі суреттің бірі. Абай оқыған кітаптар бір шкафта тізіліп тұр. Сол бөлмеге ақынның жазу үстелі мен терімен қапталған ағаш орындығы да қойылған.

Абай үйінен шыққан соң, қос әулиенің зиратына беттедік. Қыстаудан бір шақырым жерде орналасқан бейіт бүгінде символикалық кешенге айналған. Оған барар жолда қос алыпты туған қос ананың қабіріне тоқтап, дұға бағыштадық. Күллі тобықты «Кәрі әже» атаған Зере әже мен Ұлжан ананың қасында Шәкәрім әкесі Құдайберді жатыр. Абай мен Шәкәрімнің жатқан жеріне қарай аяңдадық. Алыптардың қабірлеріне зәулім мұнаралы ақ кесене орнатылыпты. Оның биіктігі 6 метр, ұзындығы 200 жүз қадам болатын үлкен тақтаның үстінде орналасқан. Абайдың қасына інісі Оспан, Шәкәрімнің қасына ұлы Ахат қойылыпты. Екі күмбездің ортасында төбесі ашық шағын амфитеатр бар. Жыл сайын “Абай оқулары ақтық сайысы осы кешенде өткізіледі екен.

Құнанбайдың ата қонысы Жидебайды ол қайтыс болғаннан кейін кенже ұлы Оспан мекендеген. Оспан өмірден озғаннан кейін қазақтың әмең- герлік жолымен келіні Еркежанды алған Абай 1894 жылдан бастап, соңғы он жыл ғұмырын осы Жидебайда өткізген. Жидебай - тарихы бай, шежіреге толы, киелі де қасиетті мекен. Ертістің суы мен Шыңғыс тауы баурайындағы бай топырақ ұлылар бойына да, ойына да шапағат нұрын құйып, қиялына қанат бітіріп, көкірек көздерін ашқаны анық. Олар жүрген соқпақтармен жүріп өткеніңде бір ерекше жылылық тұла бойыңды баурап түскендей болады. Ол Жидебайдағы жалынды Абайдың бізге деген алғысы болар.

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма», – деген мұң-налаға толы жанынан шыққан өлеңі тереңіне бойлап, 5 күн Семей өңірінде өткен уақыт ақын жанын түсінгендігімізден болар. Ұлы ақынның басына зиярат етушілер көп. Бүгінде заман да түзеліп келеді. Біліммен сусындап, кемелденіп, алға карай аяқ басудамыз. Осы игіліктер Абай ақынның арманы еді ғой. Өзіммен бірге жиен немере Олжасты да бұл сапарға ала барған едім. Кітапты оқу бір бөлек болса, сол кітаптың кейіпкерлерінің туған өлкесінде болу, қолданған заттарын көру, тарихи жәдігерлерді тамашалау әсері күшті де, жаныңа рухани азық.

***Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ,***
***Шелек ауылы.***

## Ұлылығын мойындатқан әлемге

***Абай десе Абайсың,***
***Абайладың жан-жақты.***
***Риза еттің, жарайсың,***
***Қалың елің қазақты.***
***М.Әуезов.***

Ой-қиялға сыймайтұғын дара шың,
Кемеңгерім – ғұламасың, данасың.
Ақыл түйген, жырды сүйген ұрпақтың,
Болашаққа көшін бастап барасың.
Әрбір сөзің жіпке тізген маржандай,
Оқу қиын тебіренбей таңданбай.
Жырларыңыз кәусар бұлақ суындай,
Оқығанның жан сусыны қанғандай.
Адалдықтың ала жібін үзбеген,
Әр сөзіңнен ақыл табар іздеген.
Жер әлемге таныттыңыз қазақты,
Ал қазақтың бағы жанды сізбенен.
Ой толғаған ұрпақ үшін, елі үші,
Оқи берсін кеңиді ойың өрісің.
Жомарт тәңәр елден артық жаратқан,
Даналықтың таусылмайтын кенісің.
Имандық берген тағлым-тәлімді,
Көктен түскен дейді Құран –Кәрімді.
Араб тілін бәрі бірдей ұғынбас,
Ал қазақтың алды сізден бәрі үлгі.
Ұлыларсыз тіршілікте барма мән,
Қырын олар ой көгінде самғаған.
«Абай жолын» жазу үшін толғанып,
Ұлы Мұқаң жарты өмірін арнаған.
Сөз жақұтын тере білген саралай,
Қараңғыға түрен салған данам-ай.
Берген тәңір байлық, билік, ақылды,
Қайғы-мұңды берген бірге аямай.
Өз қайғыңды қара нардай көтердің,
Ал парызың елге деген өтелді.
Тәуелсіз ел, тәрбиелі ұрпағың,
Есіміңді асқақтатты, көтерді.
Ұлы баба дана десе, данасың,
Айтқан сөзің бәрі өнеге, бәрі асыл.
Ұрпағың мен мәңгі бірге жасайсың,
Қазағыңа Абай болып қаласың.
Алты Алашы ауызына қараған,
Дейді халқы: «Дана туар данадан».
Қасиетті ұл сыйлаған қазаққа,
Айналайын ақ ниетті анадан.
Атты баба армандаған азат таң,
Құтылды елің қасіреттен, азаптан.
Ұлылығын мойындатқан әлемге,
Айналайын сізді берген қазақтан.

***Айтан АБИЛЖАНОВ,***
***Бәйдібек би ауылы,***
***Н.Островский орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.***

## Абай – қазақтың бойтұмары.

Абайды бас ақын деп бағалаған,
Терең деп теңіздейін саралаған.
Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсын да,
Әдебиет жұлдызы деп тағалаған.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Айта білген ақиқат салмақтысын.
Халқына бере білді өз әлемін,
Арнаған мұрат, мұра, ақындығын.
Қым-қуыт тұрмыс пенен тіршілікте,
Ел жанына әр сөзі жақын бүгін.
Тәңірінің берген тума талантымен,
Су сепкендей қарлығаш қанатымен.
Адамзатты ақылмен нәрлендіріп,
Тамсандырған сан қырлы қабатымен.
Әлемдік әдебиетте орны бөлек,
Қадірі мен қасиеті елден ерек.
Абайды қара өлеңнің тәңірі деп,
Ақындар мен шешендер ойды тербеп.
Танылған ұлттық болмыс үлгісі боп,
Қоғамның жан ашыры үрдісі боп.
Еуропа әдебиетінің жауһарымен
Сусындаған әуел баста бір кісі боп.
Орыстың зиялыларын танып,біліп,
Көкірегіне жақсысын келген түйіп.
Өз ұлтының кемшілігін қатты сынап,
Олардың қылығына жүрді күйіп.
Рухани өресіне баға беріп,
Дін танушы,философтар дара көріп.
Әлемдік деңгейдегі тұжырымына,
Назар аударды ерекше көңіл бөліп.
Бір ғасырдан астам бұрын қазағын
Жаңғыртуға алға қойды талабын.
Жаңа өмірге бейім бол деп шақырып.
Ұлылықпен берді жаңа сабағын.
Адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайрат,
Жылы жүректі жадында жүрсін байлап.
Үш ұғымға бірлікте қарастырса,
Ұлт құндылығы мәресінде тұрар қайнап.
Қабырғалы ел болуды таныткан,
Абай арқылы болмысымызға қаныққан.
Қанаттанып қара сөзі, өлеңін,
Ақыл-ойын, жүрегі бар жан ұққан.
Абайды оқы, жетем десең мұратқа,
Өз ісіңе жауап та бер тұрақта.
Бес асыл іс жүзеге сен асырып,
Бес дұшпаннан аулақ жүргін, жырақта.
Деп білеміз, Абай қазақтың бойтұмары.
Жүрегіңе сақтай біл,түпкірі боп тұрағы.
Өзгені қор санама, өзіңді мақтан қылып,
Деп тілеген өзіңді зор санамай бол қырағы.
Өз ұлтын төрлетуді мақсат еткен,
Ұлы Абайды алты алашқа мақтан етем.
Ұлт киесі, бойынан табылады бар қасиет,
Ұрпағымыз Абайды, десе екен, жаттап өсем.

***Емелхан ҚАЙЫПОВА,***
***Батыр Ана.***

## Әдеби-сазды кеш

Жуырда Шелек ауылы Абай атындағы қазақ орта мектебінде «Ұлы халықтың Ұлы ақыны» атауымен әдеби-сазды кеш өтті. Оған «НұрОтан» партиясы Еңбекшіқазақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Байғоджаев, ауданымыздың құрметті азаматы, Е.Сұлтанғазиев, округ әкімінің орынбасары М.Бектасов, бірнеше әдеби кітаптардың авторы, ақын Ш.Құсайынұлы, ардагер шахматшы, белсенді ерікті М.Жакеев, ҚР білім беру ісінің үздігі, қазақ тілі пәні оқулығы авторларының бірі, ардагер ұстаз Ү.Әбілқайырова, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, зейнеткер, ардагер ұстаз З.Жасабаева, орталық кітапхана меңгерушісі А.Қодасқызы қатысып, мектеп оқушыларының өнеріне тәнті болды. Ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп, алғыс хаттармен марапаттап, мектеп кітапханасына әдеби кітаптар сыйлады.

***Б.КӨКЕНОВ,***
***Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.***

*Тәртіпсіз ел болмас*

# Парызыңды адал атқар

***Ежелден көшпенділер даласында түрменің болмағаны тарихтан мәлім. Оның басты себебі халқымыздың түрмеге тосырқай қарайтын дархан мінезінен болса керек. Бір жағынан бұл ел арасында қатаң сақталған ұлттық салт-дәстүрге негізделген тәртіптің көрнісі екені анық. Аталарымыздың ардан аттамай, тәртіпті бұзбай, қиянатқа бармай ел арасындағы береке мен бірлікті, татулық пен келісімді сақтай алуының түп-төркінін парыз деген бір ауыз сөздің айналасына топтастыруға болады. Яғни, әр адам өз міндетін жақсы біліп, ел мен жер, отбасы алдындағы парызын адал атқарса заңның ешқашан бұзылмасы бесенеден белгілі. Ондай елде түрме мен жазаның да керегі шамалы.***



Әрине, айрандай ұйыған бабаларымыздың дәуірінде қылмыс болмады, тәртіп бұзылмады деуден ауылақпыз. Онсызда жер бетіндегі барша қабилалардың бәрінде тентек пен сотқар, содыр мен басбұзарлар ежелден бар екені рас. Сондықтан қазақ даласында да жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы секілді тартыстар жиі болатын. Бірақ ақылман билердің екі ауыз сөзімен ымыраға келіп, даудың одан әрі ушғып арты керіс пен жаңжалға ұласуына жол берілмейтін. Иә, екі-ақ ауыз сөзбен бітісетін. Ол үшін құжаттың да, соттың да, заңгердің де керегі шамалы еді. Өйткені, ел алдында татуласуға уәделесіп пәтуаласатын. «Уәде – құдайдың сөзі» дегенді бала кезінен миларына шегелеп алғандықтан сөзінен танып, ардан аттауға намысы мен ұяты жібермейтін. Егер қандай да бір жағдайлармен бір тентек тәртіпті бұзса ол үшін оның өзі ғана емес, жалпы руы жауап беретін. Демек барлығы «бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін» деген қатаң әскери тәртіпке бағынатын. Сондықтан жалпы рудың абыройы мен беделі үшін сол ауылдың абыз ақсақалдары жастарының әр қадамын қатаң бақылап, шектен шығып, өзімбілермендікке салынуына ешқашан жол бермейтін.

Қазақта бата беру деген бір жақсы дәстүр бар. Бата дегеніміз бүгінгі біз білетін ас пен басқа ғана жарайтын нәрсе емес, керісінше аясы өте кең ғұрып. Кезінде бабаларымыз ел үшін игі іс бастарда, бес қаруын асынып жауға аттанғанда, аламан мен бәйгеге түсерде, қысқасы адам өміріндегі әрбір жақсылыққа сол өңірдегі ең сыйлы, абыройлы кісілерден арнайы түрде бата алатын болған. Бұл бүгінгі тілмен айтқанда бастаған ісіне елінің рұқсатын алу үшін берілген ресми құжат іспеттес. Сонымен бірге, сол шаруаны тыңғылықты әрі жақсы аяқтауына рух пен жігер, күш пен қайрат беретін мотивация да бола алады. Ал бата алынбай басталған шаруа елдің рұқсатынсыз басталған іс болғандықтан оның соңы да дұрыс болмайтын. Бабаларымыз «баталы ер арымас» деп ризалықпен, елдің рұқсатымен, салт-дәстүр мен тәртіптің аясында жасалған жұмыстардың тиянақты, ал іске асырушының беделді болатынын да меңзесе керек.

Бүгінгі күнде Еуропа мен АҚШ секілді елдерде заңгерлік өте табысты қызмет саналады. Әрине, заңгердің жоғары сұранысқа ие болуы заман талабынан туындаған мәселе екені айдан анық. Бірақ заңгерлерді қатты қажет ете қоймайтын елдер де бар. Ол елді даму жағынан артта қалған елдерден іздесеңіз қателескеніңіз. Дәл сондай елдердің бірі – даму жағынан «Үлкен жетіліктің» ішінен ойып тұрып орын алған, ғылымы мен білімі технологиясы жағынан әлемдік көшбасшы саналатын әйгілі Күншығыс елі. Яғни Жапония дейтін мемлекет. Сізді де осындай мемлекетте заңгердің сұранысқа ие болмауы неліктен деген сұрақ мазалады ма?! Оның төркіні бұл елдің ежелден қалыптасып, бүгінде жаңа заманмен астасып кеткен ұлттық салт-дәстүрінде жатыр. Жапондарда да ежелгі көшпенділер секілді заң ұғымынан гөрі парыз ұғымы басым. Жапонның әрбір азаматы мемлекет пен қоғамның, отбасы мен жақындарының алдында мойнына үлкен жауапкершілік арқалайды. Ал ол жауапкершілікке немқұрайды қарау жапондардың миына кіріп-шықпайды. Өйткені парыз ұғымы олардың қанына сіңіп, сүйегіне өтіп кеткен. Мәселен, жапон мектептерінің есіктері сағат сегізде жабылады. Кешігіп қалғандар не істейді дейсіз ғой. Ал жапондар кешікпейді. Баратын немесе кездесетін жерлеріне уақытынан ең азы он минут ерте бару олар үшін парыз. Кешігу немесе дәл уақытында бару дегенді олар мүлдем түсінбейді. Мектептегі жағдай да солай. Мектептің есігі сегізде жабылуы тиіс. Өйткені олар ешкімнің кешікпейтінін біледі. Сондықтан оларға мектепке сегізде келу керек деген заңның да қажеті жоқ әрі ондай заңның болуы жапондар үшін күлкілі. Ендеше осындай жауапкершілік пен парызға құрылған өмір салтын ұстанған жапондарға заңгердің керегі бар ма?! Әрине, жоқ. Бұл үрдіс мемлекет пен жалпы қоғамда, ұйымдар мен мекемелерде, компаниялар мен басқа да орындарда да қатаң сақталған. Сол себептен кез-келген ұйым мен компаниялардың кадрлары арасында заңгерлер жоқ. Егер шетелдіктермен жұмыс барысында заңгерлерге қажеттілік туылса, оларды басқа елдерден жалдап алады. Заңнан гөрі парызды бірінші орынға қоятын жапондарда да салыстырмалы түрде қылмыстың аз болуы біраз жайттан хабар берсе керек.

Бабаларымыздың парыз бен жауапкершілікке құрылған қоғам аясында тіршілік кешкен кездерінде әлемге аты мәшһүр болып тұрды. Соның арқасында береке-бірлігі артып, ал береке-бірлігінің артуы нәтижесінде жұмылған жұдырықтай болып айналасына қаһар шашып тұрды. Кейінгі кездерге дейін осы ілкі дәстүрдің жібін үзбей, ұлы ғұрыптың қаймағын бұзбады. Біздің күшіміздің осында екенін жақсы білген жауларымыз да ең бірінші осы тұсымызға шабуыл жасады. Отаршылдар бұрынғы парыз бен жауапкершілікке құрылған өмір салтымызды құлдырату үшін біртіндеп заң мен жарғыға негізделген басқару жүйесіне көшіре бастады. Міне осыдан бастап бірінің үстінен бірі арыз жазып арызқой болу, бұрынғы екі ауыз сөзбен бітетін дауды екі-үш жылға созатын мылжыңдық секілді кеселдер жабысты. Қазақ даласында ешқашан болмаған түрме мен абақтылар бой көтере бастады. Осылайша парыз бан махаббат кейінге ысырылып, құқық пен жарғы алға шықты. Әрине, біз бұл жерде құқықтық пен жарғының рөлін төмендетіп отырғамыз жоқ. Тек құқық пен заңға негізделген жол парызға негізделген жол секілді барар жеріңе тура жеткізер даңғыл жол емес еді. Ол соқпағы мен бұрылысы көп шытырман жол болатын. Парыз бұра тартуға келтірмей жауапкершілігіңді арқаңа асып беретін болса, ал мұнда ебін тапқандар жауапкершіліктен жалтарудың амалын тапса жетіп жатыр. Осылайша «заң аясында» заңды бұзып ойына келгенін істеуге мүмкіндік туады. Ал сенген заңды тұлғаң немесе төрешің әділетке емес ақшаға жақтасса ар жағы айтпаса да түсінікті.

Бүгінгі Қазақстан Республикасында да АҚШ пен Еуропадағыдай болмаса да заңгерлерге сұраныс бар. Қаптаған тармақтар мен баптардың аясында құқықты қорғайды не жазаңды тартқызады. Әйтеуір қоғамда заң өз миссиясын орындап жатқанын байқап жүрміз. Жасыратыны жоқ заң жүзінде емес, айналма жолмен іс бітіретіндер де жетерлік. Кеңестік жүйеден мұраға қалған заңға бағынғанды емес, заңнан айналып өтетіндерді мақтан тұтып, жоғары санайтын психологиядан әлі арыла қоймағанымыз тағы бар. Осындайда Бауыржан Момышұлының «тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген аталы сөзі есіңе түседі. Қашанда ел алдындағы парызын ұмытпай, ардан аттамаған адамның заңды орындауы қиындық тудырмасы бесенеден белгілі. Демек заң әмір мен тиымға емес, парыз бен жауапкершілікке құрылғаны дұрыс. Сонда ғана заң мен тәртіпті қадағалау жеңілдей түсер ме еді, бәлкім?!

Парыздың заңнан басым тұратынын коронавирус шыққалы бері жақсы түсініп жатырмыз. Ел үкіметі карантин жариялап, оны бұзған адамдарға жаза тағайындайтын заң қабылдау мәселесін көтеруде. Бірақ соның өзін жүре тыңдайтындар арамызда аз емес екен. Иә, заң қатайса індеттің алдын алу оңайлайтыны рас. Дегенмен барлық халықты бақылауға алып, заңды қатаң сақтауға мәжбүр ету қиынның қиыны. Өйткені ол үшін әр адамды бақылап отыру керек. Егер осы кезде ел алдындағы борышымызды жақсы түсініп, қиын жағдайда да парызымызды ұмытпасақ ондай заңның қажеті де бола қоюы неғайбыл. Әрі мемлекет те барлығын қадағалап отыруды қажет деп таппас еді. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде жақсы айтылған. Мысалы, Бухариден жеткен сахих хадистердің бірінде «Егер сіз қандай да бір жерде оба (коронавирус деп біліңіз) пайда болғанын естісеңіз, ол жерге бармаңыз және егер сіз тұрған жерге жетсе, онда ол жерден кетіп қалмаңыз», – делінсе, Имам Ахметтің кітабында келтірілген тағы бір хадисте «Оба індеті шыққан жерден кеткен адамдардың халі – соғыс майданынан қашқан адам іспетті (күнә). Ал, кім шыдамдылық танытып, оба індеті жайылған жерден шықпаса, шейіттің сауабын алады» – делінген. Демек дінімізде де, ұлттық салт-дәстүрімізде індет кезінде карантин ережелерін қатаң сақтауға міндеттеген. Яғни, карантин ережелерін сақтауды парыз ретінде бекіткен. Ал сол онсыз да орындалуы керек парызымызды орындату үшін заң шығарылса, онда жауапкершілік пен ұяттан жұрдай болғанымыз. Ең қызығы алғаш коронавирус Ухань қаласында пайда болғанда осындағы барлық мемлекеттің азаматтары өз елдеріне жапа-тармағай қашып кеткені мәлім. Сол уақытта өз еліне барудан бас тартқандар жалғыз жапондар ғана болыпты. Осылайша парыздың заңнан күшті екенін жапондар тағы бір рет дәлелдеп беріпті. Ендеше біз де заңға орындалуы тиіс әмір мен тиым деп емес, парызымыз бен міндетіміз ретінде қарағанымыз абзал.

***Нұрсерік ТІЛЕУҚАБЫЛ.***

---

**ҚЫЛМЫС ХРОНИКАСЫ**

## Ұры құрықталды



***Шелек өңірінде құбырлар мен арматураларды қолды қылған ұры полиция қызметкерлерінің құрығына ілікті. Кезекті қылмысынан кейін, өзгенің мүлкін мотоцикліне тиеп, ізін суытпақ болған азамат қылмыс үстінде қолға түсті.***

Аудандық полиция басқармасы жанындағы Шелек полиция бөліміне шаруа қожалығының иесі бірнеше күн бойы белгісіз адамдардың жоғарыда аталған заттарды ұрлап жүргендігін айтып, шағым түсірген. Жедел уәкілдер іздестіру шараларына кірісіп, оқиға орнында торуыл жасаған. Сағат 9.30 шамасында тәртіп сақшылары кезекті қылмысын іске асырмақ болған Қаражота ауылының 52 жастағы тұрғынын ұстады. Ол ұзындығы бір жарым метр болатын металл құбырларды кесіп, өзінің «Днепр» мотоцикліне тиеген.

Ұсталған күдіктінің үйін тінту кезінде полиция қызметкерлері осыған дейін қолды болған 50 метрден астам құбыр мен 125 метр арматураны тапқан.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 бабы 3 бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Күдікті уақытша ұстау оқаулағышына қамаққа алынып, оның ұқсас қылмыстарға қатысы бар, жоқтығы анықталуда.

## Мас күйінде апатқа ұшырады

***Есік қаласында ұрланған көлікпен ірі жол апатын жасаған мас жүргізуші ұсталды.***

Түнгі сағат 1:46 кезінде аудандық полиция басқармасының кезекші бөліміне аудан орталығында орын алған жол апаты туралы ақпарат түскен. Сол уақытта 19 жастағы тұрғын өзінің «Фольксваген Гольф» маркалы көлігінің ұрланғандығын айтып, шағымданған. Оқиға орнына дереу жеткен тәртіп сақшылары күдіктіні қолға түсірген. Ол ауданымызда тіркелген 34 жастағы Өзбекстан азаматы. Ащы суға тойып алған күдікті бөтеннің көлігін ұрлап, жол жиегінде тұрған екі көлікке соққан. Апат салдарынан жүргізушілер жарақаттанған, автокөліктері бүлінген. Қазіргі таңда оқиғаның мән-жайы анықталып, тергеу амалдары жалғасуда.

***Материал ресми ақпарат көздерінен алынды.***

---

*Судебная практика*

# Расторжение договора о дарении

***Истец Н.М. подарил ответчице, супруге Н.Р., жилой дом с земельным участком. Позже он подал на ответчицу иск в суд, мотивируя тем, что она создает невыносимые условия проживания, оставляет без еды, выгоняет из дома, оставляет без ночлега. Н.М. просил суд расторгнуть договор дарения.***

В судебном заседании нотариус С. М. показал, что при удостоверении договора дарения предупреждал Н.М. о правовых последствиях и уточнял у истца, добровольно ли дарит он свое имущество

Участковый инспектор полиции УП Енбекшиказахского района К.О. сообщил, что поступал один вызов через 102. Полицию вызывал Н. М. по поводу скандала из-за дома. Так как признаки уголовного и административного правонарушения отсутствовали, материал был списан в наблюдательное дело.

По свидетельству соседей, супруги ранее жили хорошо, но в последние два года отношения между ними испортились.

Как установлено судом, согласно договору дарения Н.М. подарил супруге Н.Р. жилой дом с земельным участком. Данный договор удостоверен нотариусом С.М. и зарегистрирован в реестре.

Согласно ч.1 ст.506 Гражданского кодекса Республики Казахстан по договору дарения даритель безвозмездно передает или обязуется передать одаряемому вещь в собственность либо имущественное право (требование) к себе или третьему лицу, либо освобождает или обязуется освободить его от имущественной обязанности перед третьим лицом.

Жилой дом ранее принадлежал истцу на основании договора дарения, согласно которому мать истца подарила ему недвижимость. Согласно сведениям уполномоченного государственного органа, недвижимое имущество теперь зарегистрировано за Н. Р. В соответствии с ч.1 ст.154 Гражданского кодекса Республики Казахстан , в случаях, установленных законами Республики Казахстан или соглашением сторон, письменные сделки считаются совершенными только после их нотариального удостоверения.

Несоблюдение требования о нотариальном удостоверении влечет ничтожность сделки с последствиями, предусмотренными пунктом 3 статьи 157-1 настоящего Кодекса, за исключением случаев, установленных пунктом 2 настоящей статьи.

Из показаний истца Н.М. и нотариуса С.М. следует, что истец с заявлением об отмене или изменении договора дарения не обращался. Вместе с тем, доводы истца о том, что ответчик создает невыносимые условия для проживания, наносит телесные повреждения, отравляет пищу, суд считает несостоятельными, поскольку подобные факты устанавливаются решением следственного органа и заключением эксперта.

В соответствии со статьями 72 и 73 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан обязанность доказывания и предоставления доказательств возлагается на стороны, каждая из которых должна доказать суду обоснованность своих требований и возражений. Истцом не представлены суду доказательства противоправных действий ответчика, являющиеся основанием для отмены договора дарения согласно ст.512 Гражданского кодекса Республики Казахстан.

В соответствии с ч.2 ст.224 Гражданского процессуального Кодекса Республики Казахстан суд основывает решение лишь на тех доказательствах, которые были представлены сторонами и исследованы в судебном заседании. Суд считает, что в удовлетворении иска Н.М. следует отказать.

***Б.АМИРКУЛОВ, судья Енбекшиказахского районного суда.***

Карантинные меры

# Нарушители наказаны по суду

**Согласно ч.1 Указа Президента Республики Казахстан от 15 марта 2020 года № 285 «О введении чрезвычайного положения в Республике Казахстан» в связи с объявлением Всемирной организацией здравоохранения пандемии COVID-19, в целях защиты жизни и здоровья граждан, соответствии с законодательством Республики Казахстан на всей территории Республики Казахстан введено чрезвычайное положение на период с 16 марта 2020 года до 15 апреля 2020 года.**

